



## ЕГІН ОРАҒЫ

Үміт пен күдік

3



## «ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС»

Алматы өнеркәсіп орталығына айналды

6



## ҚАЗАҚ БАТЫРЫНА ҚҰРМЕТ

10

# Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №113 (6406) 23 қыркүйек, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

## ЖАҢА БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Түркісіб ауданының тұрғындарымен жүздесті



Шаһар басшысы алдымен атқарылған жұмыстар жөнінде баяндап, аталған ауданның тыныс-тіршілігіне тоқталып, есеп берді. Түркісіб те мегаполистегі ең іргелі аудандардың бірі. Кейінгі жылдары одан әрі көркейіп, абаттанып, уақыт көшінен қалмай ілесіп келеді.

«ШУАҚТЫҒА» СУ КЕЛЕДІ  
Халықпен кездесу барысында «Инженерлік желілерді модернизациялау біздің жұмысымыздағы негізгі басымдықтардың бірі болып қала береді», – деген қала әкімі Ерболат Досаев биылғы тамызда «Шуақты» ықшамауданында 400 үйді қамтитын 10 шақырым сумен қамту және 7,4 шақырым су бұру желілерінің құрылысы аяқталғанын айтты. Келесі аптадан бастап тұрғындар магистральды желіге қосыла бастайды.

Тбилисская көшесіндегі 20 мың абонентке қызмет көрсететін 400 метрден астам канализациялық эстакада реконструкциялаудан өтті. Ол болашақта халық санының өсуін ескере отырып жасалған.

4

## АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

Біздің мегаполис шағын және орта бизнесте жұмыспен қамтылғандар саны бойынша алда келеді

Алматыда биылғы I тоқсанның мәліметтері бойынша 872 мың қала тұрғыны шағын және орта кәсіпкерлікпен (ШОБ) айналысқан. Бұл мегаполистегі барлық экономикалық белсенді халықтың 79,6%-ын құрайды деген сөз. Мұндай жоғары көрсеткіштер еліміздің бірде-бір өңірінде жоқ, деп атап өтті Қазақстандағы шағын және орта кәсіпорындар сегментінің жағдайына талдау жүргізген Ranking.kz агенттігі өз зерттеулеріне сүйеніп.

Салыстыру үшін айтар болсақ, Астанада осыған ұқсас кезеңде экономикалық белсенді халықтың ШОБ-пен қамтылғандарының үлесі 72,8%-ды құрады. Еліміздің басқа өңірлерінде, соның ішінде Шымкентте бұл көрсеткіш жартысына да жеткен жоқ. Ал Жамбыл және Ұлытау облыстарында ШОБ жұмыстарымен қамтылғандардың көрсеткіші 30%-дан да төмен. Бұл халықтың ірі жүйе құраушы кәсіпорындарға тым тәуелділігін көрсетеді, әрі жалпы өңірлердің экономикасы үшін де қауіпті деп санайды агенттік өкілдері.



Елімізде 2023 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша ШОБ-пен 4,1 млн

адам қамтылған, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 14,4%-ға артық. Алматыдан басқа, жұмыспен қамтылғандардың саны Астанада 499,4 мың адам, ал Түркістан облысында 279 мың адамды құрайды.

5

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

23.09.2023

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 3-8, кей уақытта екпіні 13 м/с

24.09.2023

Түнде:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz







## САРАПТАМА

## 5+1 : НЬЮ-ЙОРК САММИТИ

Вашингтонның қадамын анықтады

Орталық Азия – АҚШ саммиті көп тараптың назарын аударды. Себебі, бұл жиын Құрама Штаттардың Қазақстанды қамтыған геосаяси аймаққа жаңа көзқарас орнатқанын дәлелдеді. «Алыстан сыйласып» келген АҚШ қазіргі жағдайда аймақтың геосаяси маңызын терең қарастыра бастады. Оның бірнеше түрлі себебін көрсетуге болады, бірақ ең негізгісі, әрине державалар бәсекесінде жатыр. Сонымен:

- Нью-Йоркте өткен 5+1 саммиті нені аңғартты?
  - Құрама Штаттардың аймақтағы мүддесі қандай?
  - Үдеріс аймақ елдеріне қалай әсер етуі мүмкін?
- Бұл сұрақтар қазір көзқарақты жұрттың көкейінде тұр. Өйткені, біз осы бір жыл ішінде Ресей, Қытай, ЕО және АҚШ сынды әлемдегі ең негізгі күш орталықтарымен жеке-жеке бас қосып шықтық. Өте қысқа аралықта болған ауқымды жүрістер жоғарыдағы сұрақтарды қайта-қайта ойлануға итермелеп жатқандай.

«АЛЫСТАН СЫЙЛАСУ»  
СТРАТЕГИЯСЫ

немесе Саммиттің тарихи мәні

Кезекті саммиттің зор тарихи мәні де бар. Бұл Орталық Азия елдерінің басшылары мен АҚШ президенті ортасындағы алғашқы басқосу. Бұған дейінгі Ақ үй қожайындарының ешқайсысы аймақтағы бес ел басшысымен ортақ үстел басына отырған емес. Оның да өзіндік мән-маңызы бар-тын. Құрама Штаттар бұған дейін аймаққа Эдвард Шац айтқандай, «Алыстан сыйласу» (алыстан әсер ететін гегемония) стратегиясын қолданып келді. Былайша айтқанда, Вашингтон осы ғасыр басталғалы назарын Ауғанстанға, одан кейін Орта Шығысқа аударып келді. Бізді қамтыған геосаяси аймақ Вашингтон үшін көбінде Ауғанстандағы стратегиясына жанама рөлдегі өңір ретінде қарастырылды.



Әрине, дүние дөңгелегі басқа арнаға қарай дөңгеледі. Қазір АҚШ-тың Ауғанстандағы, Сирия мен Ирактағы, тұтас Орта Шығыстағы стратегиясы өзгерді. Алдыңғы қатарға Үнді-Тынық мұхит аймағы шықты. Онда өзінің негізгі қарсыласы Қытайды жан-жақты тежеу шараларын жүзеге асырып жатыр (бұл туралы да басылыммызда кеңірек сараптамалар беріліп келеді). Ал Вашингтонның Орта Азияға назар аударуының өзі Үнді-Тынық мұхит аймағындағы стратегиясының белгілі деңгейде табысты болғанын көрсетеді. Себебі, америкалық табысты стратегиялық жоспардан кейін Қытай теңіз-мұхиттан ығысып, құрлық жолының, Жаңа Жібек жолының жандануына мүдделі бола түсті. Бұл Еуразия кіндігіндегі біздің аймақтың державалар арасындағы бәсекелестік маңыздылығын арттырды.

Осылайша Нью-Йоркте өткен саммиттен кейін Орталық Азияның гео-стратегиялық маңызының артқаны ресми мойындалды дегуге болады. Кемінде, қазіргідей күрделі жаһандық жағдай бізді осындай маңызға ие етіп отыр.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС  
АҚШ-тың аймақтағы негізгі қадамы

Басқосуға дейін онда талқыланатын тақырыптар жайында түрлі тараптар уәж келтіріп көрген. Кейбір батыстық басылымдар онда Украина тақырыбы сөз болуы да мүмкін, себебі президент Байден ортаазия-

лық әріптестерімен жеңіл-желпі мәселелерді талқыламайды деген де гәптерді көтерген. Бірақ шынайы жағдайда аймақтағы барлық елдер үшін тым нәзік тақырыптар көтерілмейтіні анық еді. Аймақ өзіне дәстүрлі ықпал етуші тараптың шымбайына бататын кез келген мәселені сыртқы тараппен талқылауға көбінесе жол бермейді. Сондықтан да Ақ үйдің сыртқы саясат пен қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Джейк Салливан алдын ала жасаған мәлімдемесінде «Бұл кездесу ешбір елге қарсы бағытталмаған» деген сөзді баса айтып өткен болатын.

Ал кездесуде біз қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық және маңызды пайдалы қазбалар туралы сөз болғанын көрдік. Атап өткеніміздей, аймақ үшін аса сезімтал тақырыптар аталмағанымен, АҚШ президентінің аймақтағы елдердің аумақтық тұтастығының маңыздылығына қатысты сөз етуі біршама мәселеге жауап болды.

Анық білетініміз, Вашингтонның сыртқы саясаттағы басым бағытының бірі – терроризмге қарсы күрес. Диалог орнатқан тараптардың кез келгенімен осы мәселені талқыламай өтпейді. Бұл ретте де солай болды, президент Байден Орталық Азиямен терроризмге қарсы күрес, шекара қауіпсіздігі және құқық қорғау салаларында ынтымақтастықты нығайтуға сенім білдірді. Әрі Ақ үй басшысы аталған салаларда Құрама Штаттардың аймақ елдерімен ынтымақтастығының қазірге дейінгі жетістігі ретінде 90 млрд

доллар инвестиция салып үлгергенін жеткізді. Бұнысы қарым-қатынасты дамытудың қосалқы бағыты ретінде таңдалып отырғанын көрсетті.

Жиынның негізгі көтерген тақырыбы ретінде экономикалық байланысқа айрықша тоқталуға да тура келеді. Олай дейтініміз, экономикалық байланыс АҚШ пен аймақтың басты бағыты болып қала береді. Аймақ елдері, әсіресе, Қазақстан АҚШ-қа саяси тұрғыдан маңызды болып тұрса да, тараптар ортасында қазіргі кезең үшін экономикалық байланыстар арқылы қарым-қатынасты дамытудан артық жол жоқ. Вашингтон сауданы жетілдіру және жеке секторға инвестиция құю бойынша америкалық компанияларды ынталандыруға ниетті. Жиында бұл жағы тіпті де анық байқалды.

## ЕКІ АЛПАУЫТ ЕЛ

немесе жаһандық бәсекенің бір ұшы

Елеусіздеу көрінгенімен, 5+1 саммитінде сөз болған маңызды минералдар тақырыбының астарында бірқатар мәселелер жатыр. Қазір дамыған елдердің жасыл энергия өндіруге әрі осы бағытта тәуелсіздікке баса мән беріп жатқаны белгілі. Ал жасыл энергия технологиялары үшін (күн батареялары секілді) хром, мыс, никель және литий секілді қазба минералдардың мол ресурсы керек. Аймақ елдері, әсіресе, Қазақстан бұл минералдардың мол қорына ие. Дәл жиынмен бір уақытта Қытай өкілі де бағалы минералдар бойынша Қазақстаннан жаңа келісім іздеп келгені жай ғана сәйкестік емес. Қытай маңызды минералдар нарығында жаһандық көшбасшы болып тұрған ел. 26 түрлі бағалы минералдарды экспорттайды, тіпті олардың кейбіріне қол жеткізу үшін Құрама Штаттар қытайлық импортқа тәуелді. Екі алпауыттың бір уақытта ортақ мәселе бойынша аймақ елдерімен сөйлесе бастауы қызып тұрған жаһандық бәсекенің бір ұшы. Бұның өзі аймақ елдері қазіргі өзінде жаһандық державалар бәсекесіндегі түйіннің біріне айналып келеді дегенді білдіреді.

Естай БОЖАН,  
сарапшы.

## САММИТТЕН KEЙІНГІ ОЙ

19 қыркүйекте БҰҰ-ның 78-сессиясы аясында саяси дебатта Орталық Азия елдерінің басшылары биік мінберден сөз сөйледі. Қатардағы азаматқа ол маңызы жоқ жай сөз болуы мүмкін. Алайда, мәселеге үңіліп қарар болсақ, оның мәні тереңде екеніне көзіміз жетеді. Ол үшін оған дейін болған оқиғаға назар аудару қажет. 14 қыркүйекте Тәжікстан астанасы Душанбеде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 5-консультативтік кездесуі өткен болатын. Біз ол туралы газетіміздің 111-санында жазып едік. Сол кездесу алдағы болатын БҰҰ-ның 78-сессиясына дайындық болды. Себебі, аймақ елдерінің сөзі бір жерден шығуы керек. «Бөлінгенді бөрі жейді» дейді. Сонда кездесуде аймақ басшылары ортақ мәселені биік мінберде көтереміз деп уағдаласқан сынайлы.

Газетіміздің 112-санында Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзіндегі саяси бастамаларға тоқталған болатынбыз. Одан бөлек, Мемлекет басшысы Орталық Азия мәселелерін де қозғады. Енді аймақтағы өзге ел басшыларының бастамаларына тоқталып өтсек.

## САЯСИ ДЕБАТ

Орталық Азия елдерінің басшылары  
қандай бастамалар көтерді?АШХАБАД  
экологиялық мәселелерге  
маңыз берді

Жалпы, соңғы кездегі геосаяси дағдарыс БҰҰ-ның жұмысына деген сынды үдете түсті. Егер халықаралық ұйым нәтижелі жұмыс істесе, еш дағдарыс болмас еді деген пікірде скептиктер. Алайда, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов бұл пікірмен келіспейді. Оның сөзінше, дағдарысқа қарамастан БҰҰ-ға балама жоқ. Ол дағдарыстан шығу үшін жаһандық қауіпсіздік стратегиясын қабылдауды ұсынды. Президент стратегияда әлемдегі аймақтар мәселелеріне аса мән беруді жөн көрді. Әрине, бұл жерде оның айта-йын дегені Орталық Азия аймағы.

Сердар Бердімұхамедов өз сөзінде әлем елдерін Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі және экологиялық мәселелеріне мән бергені жөн екенін мәлімдеді. Осы мәсе-

лені стратегиялық тұрғыдан шешу үшін Ашхабадта орталық құруды ұсынды. Сонымен қатар, Каспий теңізінің жаһандық экологияға әсері жайлы да сөз болды. Сондықтан осы мәселеге де әлемнің назарын аударуға тырысты.

Түркіменстан басшысы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары туралы да сөз етті. Оның аясында көлік жолы мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін көтерді.

БЫШКЕК  
бауырлас елді аймақ  
қауіпсіздігі мақалайды

Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров та БҰҰ-на балама жоқ екенін мәлімдеді. Геосаяси текетірес, инфляция мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері болғанымен, онымен күресу үшін бұл халықаралық ұйым жалғыз легитимді институт. Сондықтан бірлесе жұмыс істеген тиімді деген пікірде.

Қырғыз елінің басшысы Орталық Азияның екі негізгі мәселесін көтерді. Бірі – қауіпсіздік, екіншісі – экологиялық дағдарыс. Оның ішінде қауіпсіздік мәселесіне баса назар аударды. Көршімізді аймақ елдері арасындағы шекара мәселесі және Ауғанстандағы гуманитарлық, экономикалық дағдарыс алаңдатады. Садыр Жапаров Қырғызстанның Өзбекстанмен мемлекеттік шекараны құқықтық бекіту туралы келісімге келгенін атап өтті. Оған қос елдің басшыларының саяси жігері арқасында қол жеткенін айтты. Ендігі мәселе қырғыз-тәжік шекарасы мәселесін толық шешу екенін мәлімдеді. Оған қос тарап та мүдделі екені айтылды.

Президент, сонымен қатар, әлем елдерін Ауғанстан мәселесіне назар аударуға үндеді. Ондағы гуманитарлық және экономикалық дағдарыс Орталық Азияға, қала берді бүкіл әлемге кері әсер ететінін

жеткізді. Шынында да, Ауғанстан жалпы Орталық Азия мен Таяу шығыс аймақтарының әлсіз тұсы. Есірткі және терроризм мен экстремизм экспорты сөзімізге дәлел.

Экологиялық мәселе ретінде Қырғыз елінің басшысы су тапшылығын көтерді. Оның сөзінде таудағы мұздықтар тез еріп жатыр. Оған халықаралық қауымдастық қаржылай инвестиция құю арқылы қолұшын бергені жөн деген пікірде. Сонымен қатар, ол дамушы елдердің экономика мен экология салалары арасында қарама-қайшылық бар екенін айтты. Сондықтан дамыған елдердің де көмегі қажет дейді ол.

## ДУШАНБЕ

Ауғанстан ахуалына алаңдайды  
Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон сөзінің басым бөлігінде жаһандық климаттың өзгерісіне арнады. Мұның аясында Тәжікстанның су және мұздықтар мәселесін көтерді. Климаттың өзгеруінен мұздықтар еріп жатқан көрінеді. Бұл жағынан Тәжікстан мен Қырғызстанның жағдайы ұқсас. Екі ел де Орталық Азияның су доноры. Егер бұл мәселе шешілмесе, халқының саны өсіп жатқан аймақта терең климат дағдарысы орын алмақ.

Сонымен қатар, Эмомали Рахмон Орталық Азия елдері бірауыздан Ауғанстан мәселесіне алаңдауды екенін атап өтті. Ол Ауғанстанға гуманитарлық көмекті ұлғайтуды ұсынды. Себебі, ондағы дағдарыс аймаққа ғана емес, бүкіл әлемге кері әсер етпек. Оның сөзінше, соңғы екі жылда есірткі саудасы күрт артқан. Елдің құқық қорғау органдары шекарада 10 тоннадан астам есірткі көлемін тәркілеген.

ТАШКЕНТ  
Өзбек ағайын үшін де аймақтың  
әлемдегі саяси беделін

арттыру – маңызды мақсат

Қазақстан мен Өзбекстан Президенттерінің сөйлеген сөздерін салыстыратын болсақ, қос елдің сыртқы саясаттағы ұқсас тұстарын көруге болады. Сөздерінің басы елдің әлемдік қауымдастықтағы жағымды имиджін қалыптастыру мақсатын көздеуге бағытталған. Астана әлемдегі саяси тәртіп пен ондағы Қазақстанның орны жайлы айтса, Ташкент «Жаңа Өзбекстан» құрудағы реформалардың жетістігін атап өтіп, ондағы мақсат пен міндеттердің БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарымен бірдей екенін сөзге тиек еткен.

Сонымен қатар, Өзбекстан да Орталық Азия аймағының әлемдегі саяси беделін арттыру мақсатында бастамалар көтерді. Президенттің айтуынша, аймақ оңтүстік пен солтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын таптырмас көлік-коммуникация көпірі.

Шавкат Мирзиёев аймақ елдері басшыларының 5-консультативтік кездесуінде қол жеткізілген келісімдерді БҰҰ деңгейінде қолдауға шақырды. Осы орайда жастардың дамуына әсер ететін «Күн тәртібіндегі Орталық Азия жастары – 2030» атты бағдарламаны қабылдауды ұсынды.

Өзбекстан өзге аймақ елдері секілді климат өзгерісі мен Ауғанстан мәселелеріне әлемнің назар аударуын құп көрді.

Пердехан  
ШӘМШИЕВ,  
сарапшы.





## ● АСТЫҚ

# ЕГІН ОРАҒЫ: ҮМІТ ПЕН КҮДІК

## Қолайсыз ауа райынан зардап шеккен фермерлерге айыппұл санкциялары салына ма?

Қоңыр күздің дәл осы өліара тұсында егіншілік туралы мақала жазсақ, «Арқада егін орағы қызып тұр» деп бастайтынбыз. Биыл олай болмай тұр. Жиын-терім жұмыстарының қарқынына ауа райының қолайсыздығы тікелей әсер етуде.

Аптапты, жаңбырсыз жаздан соң ерте масақтанған Арқаның ақ бидайы биыл аласа. Комбайн жатқасына әзер ілігеді. Соған сәйкес, масағының толымы да аз. Бұрынғыдай, жиырмаға жуық дән (әр масақта) жоқ. Қырсық қылғанда, дәл егін орағы басталарда жауған жаңбыр соңғы кезге дейін толас-тамай, комбайндардың алқапта жүруіне кедергі келтірді. Соның салдарынан орақ жұмыстарын уақытша тоқтатуға тура келді.

Мұндайда жаңбырдан соң өскен егін сабағы арасындағы шөп комбайндардың жұмысын одан әрі қиындатады. Оған қоса, бидайдың сапасына кері әсер етеді.

Ауа райы қолайлы жылдары қазақ бида-

**Биыл Қазақстан бойынша 17,3 млн гектар жерге дәнді дақыл егілді.**

йы экспортқа бірінші, ара-тұра екінші сыныппен өткізілетін. Соған сәйкес, бағасы да жоғары болатын. Ал биылғы бидай сапасы клекавинасының аздығымен қоса төртінші, бесінші сыныпты ғана болып тұр. Ол дегеніңіз, биылғы астықтың дені ұн тартып, нан илеуге жарамайды деген сөз.

Биыл Қазақстан бойынша 17,3 млн гектар жерге дәнді дақыл егілді. Әрі оған үкімет тарапынан үлкен үміт артылғанымен, биылғы ауа райының қолайсыздығы сол үмітті ақтамайтын түрі бар. Өткен жылы қыркүйектің орта шеніне дейін астықты алқаптың 70 пайызы орылса, бүгінгі нәтиже 40 пайыздан аспай тұрғаны да көңілге қонбайды.

• Егін шаруашылығының осынау проблемалары билікті де алаңдата бастады. Еліміздің солтүстік өңірлеріндегі ауа райының қолайсыздығы мен жайсыз жағдайларға



байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке астық өндіретін фермерлер мен шаруа қожалықтарына қаржылай және өзге де қажетті көмек көрсетуді тапсырды.

Күні кеше Премьер-министр Әлихан Смайылов дәл осы мәселеге байланысты арнайы жиын өткізді.

Қазір Президент тапсырмасына орай егін жинау науқанының барысын Үкімет тұрақты бақылауға алды. «Биылғы жыл диқандарымыз үшін аса қолайсыз болды. Соның кесірінен астық түсімі азайып, жұмыс қарқыны төмендеді. Алайда, орақ науқанын қаржылай және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету үшін барлық шараны қарастырып жатырмыз», – деді Премьер.

Алайда, дәтке қуат егер бір үміт бар. Қазақ даласының астықты өңірлерінде қыркүйектің соңына дейін қатты жаңбыр жаумайды деген болжам айтылуда. Ендігі мақсат – сол мүмкіндікті тиімді пайдалану.

Шаруа қожалықтары мен фермерлердің үкіметтің қолдауынсыз аттап баса

**Ауа райы қолайлы жылдары қазақ бидайы экспортқа бірінші, ара-тұра екінші сыныппен өткізілетін. Соған сәйкес, бағасы да жоғары болатын.**

**Жанармай нарқының көтерілуі онсыз да шаруасын әзер жүргізіп отырған диқандар қауымы үшін оңай соққы емес. Үкімет солтүстіктегі диқандарға 20 мың тонна дизель отынын жеңілдетілген бағамен беріп отыр. Бұл да болса шаруасы кейін кеткен егіншілерге көрсетілген үлкен жәрдем.**

алмайтын кезі келді. Оны билік те анық біліп отыр. Үкімет ауыл шаруашылығының дағдарысты кезеңінде диқандарды қолдау шараларын бастап та кетті.

Осы аптада биылғы қуаңшылық жылы аптаптан зардап шегіп, егісі қурап кеткен Жамбыл облысының диқандарына 3,7 млрд теңге субсидия берілетін болды. Солтүстіктегі астықты өңірдің диқандарына да қаржылай қолдау көрсету шаралары қарастырылуда. Қостанай облысындағы егістік қолайсыз ауа райынан зардап шекті. Толассыз жауған жаңбыр салдарынан астық сапасы нашарлап, дән сұрыпының сапасы төмендеген. Өңір аграршыларына 16,9 млрд теңге субси-

**Биылғы бидай сапасы клекавинасының аздығымен қоса төртінші, бесінші сыныпты ғана болып тұр. Ол дегеніңіз, биылғы астықтың дені ұн тартып, нан илеуге жарамайды деген сөз.**

дия төленеді. Таяу арада Үкімет ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту үшін қосымша 20 млрд теңге бөлетін болды.

Егін орағы қарсаңында ауыл шаруашылығы техникаларының ең қажетті жанармайы – дизель отынының не қымбаттап, не азайып кететін дағдысы бар. Ол биыл да қайталанды. Жанармай нарқының көтерілуі онсыз да шаруасын әзер жүргізіп отырған диқан қауым үшін оңай соққы емес. Соны ескерген Үкімет таяуда солтүстіктегі диқандарға 20 мың тонна дизель отынын жеңілдетілген бағамен беріп отыр. Бұл да болса шаруасы кейін кеткен диқан қауымға көрсетілген үлкен жәрдем.

Биылғы бидай сапасының барынша төмен екенін айттық. Дән негізінен ылғалды. Сондықтан оны кептіріп баптаудың өзі мұң болатын түрі бар. Жыл сайын элеваторлар мен астық қабылдау пункттеріндегі кептіру орындары жетіспей, біраз бидайдың сапасы төмендеп, мал азығына кететінін де білеміз.

Үкіметтің осы жайтты ескергені байқалып отыр. Астанада өткен жиында Үкімет басшысы да осы мәселеге маңыз берді.

Бір сөзбен айтқанда, биылғы егін орағы қиын жағдайда жүргізілуде. Соны ескерген билік тарапынан бұл салаға айтарлықтай көмек көрсетіліп жатыр. Оның қайтарымы қандай боларын алдағы болашақ көрсетпек.

Өмірзақ  
МУҚАЙ.



## ● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлихан СМАЙЫЛОВ, ҚР Премьер-министрі:

### АУА РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗДЫҒЫ форс-мажорлық жағдай ретінде танылуы тиіс

Энергетика министрлігі астықты кептіру үшін қосымша көлемде дизель отынын бөлетін болады. «Бәйтерек» холдингі несиелер бойынша қарыздарды қайта құрылымдап, қолайсыз ауа райынан зардап шеккен фермерлер үшін айыппұл

санкцияларын салмай, Азық-түлік корпорациясының желісі арқылы тауарлық несиелер мерзімдерін ұзартып отыр. Ауа райының қолайсыздығы форс-мажорлық жағдай ретінде танылуы тиіс. Субсидияларды толық көлемде төлеу керек.

Айдарбек САПАРОВ, Ауыл шаруашылығы министрі:

### ЖАУЫН САЛДАРЫН АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАР БАР

Мемлекет басшысының тапсырмасы бар. Үкімет жауын салдарын азайтуға бағытталған шараларды ұсынады. «Бәйтерек» ҰБХ айыппұл санкцияларын қолданбай қарыз қайтарым мерзімін ұзарту мәселесін шешті. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға қосымша қаражат бөлу жағы да қарастырылуда. Бұл бағытта Қостанай облысына 16,9 млрд теңге қажет. Астықты кептіру үшін облысқа қосымша 11 мың тонна арзандатылған жанармай беріледі.

Оның құны литріне 250 теңгеден ас-

пайды. Облыс бойынша элеваторлар, 318 астық кептіргіш тәулік бойы жұмыс істейді. Азық-түлік корпорациясының келісімшарт негізіндегі астығын қайтару мәселесі де шешімін табады. Қазір астық нарығының жай-күйіне талдау жүргізілуде. Оның қорытындысы бойынша азық-түлік корпорациясы ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алудың әділ бағасын жариялайды. Компания тұқым қорын қалыптастыруды қамтамасыз етеді және нан өндіру үшін арзандатылған астықты жеткізу кестесін қайта қарайды.





ТУРКСІБ АУДАНЫ

# ЖАҢА БАҒДАРЛАР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев  
Түркісіб ауданының тұрғындарымен жүздесті



(Басы 1-бетте)

Жыл соңына дейін «Маяк», «Әлмерек», «Жас қанат», «Нижняя Пятилетка» ықшамаудандарында және Закарпатская көшесінде 6670 абонент үшін 153,4 шақырым су құбыры мен 79,4 шақырым канализация құрылысы аяқталады. Сонымен қатар, асфальттың төменгі қабатын қалпына келтіру аяқталып, 2024 жылдың ІІ тоқсанында беткі қабаты төселетін болады.

Ал алдымыздағы жылдың ІІ тоқсанында «Қайрат» ықшамауданында 40 шақырымдық су құбыры және су бұру желілерін салу жұмыстарының 2-ші кезеңі басталады. Сондай-ақ, екі учаске бойынша: ауданның орталық бөлігінде және Әуезжай көлі ауданында сумен қамту және канализация желілерін жобалау жалғасуда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары келер жылдың ІІ тоқсанында қолға алынбақ.

## «Тұздыбастау» құрылысы аяқталды

Ауданда жарық беру мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Тұрғындарды электр көзімен тұрақты қамтамасыз ету үшін «Шуақты» ықшамауданында 5 шақырымнан астам электр беру желілерін жаңғырту аяқталды, деп мәлімдеді қала әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесуде.

Сондай-ақ, осы жылдың желтоқсан айына дейін «Әлмерек», «Нұршашқан», «Қайрат» ықшамаудандарындағы желілер жаңғыртылады. Содан кейін тұрғындар «АЖК» акционерлік қоғамы қызмет көрсететін желілерге ауыстырылады.

Сонымен қатар, Түркісіб ауданында «Тұздыбастау» подстанциясының құрылысы аяқталды. Қазіргі уақытта жеке учаскелердің меншік иелерімен желілерді абоненттерге жеткізу үшін сервитут шарттары жасалады. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталуға тиіс.

## «Қайратта» да жаңалық бар

«Қайрат» ықшамауданында мектепке кірме жолдарды салу қазан айының соңында аяқталады. Бұл туралы да қала әкімі аудан тұрғындарымен кездесуде айтты. Қазір «Қайратта» тұрғын үй кешені мен мектепке кіретін 2,7 км жолға асфальттың бірінші қабаты төселген. Құрылысты биылғы қазан айының соңына дейін аяқтау көзделіп отыр.

Қала әкімі Түркісіб ауданында ұзындығы 24 км болатын 18 көшедегі жолдар орташа жөндеуден өтіп жатқанын да атап өтті. Бүгінгі күні Сейфуллин даңғылы мен Арал және Байрон көшелеріндегі ұзындығы 7,7 км жол жабынына асфальт төселді. Қалған аумақтағы жұмыс биылғы қазан айының соңына дейін аяқталады.

Аудандағы 30 мың шаршы метр жол төсеміне жөндеу жүргізілді. Қалған 10 мың шаршы метрі қазан айының соңына дейін аяқталады. Сонымен қатар, осы кезеңде

5 магистральды көшенің бойында (Рысқұлов, Сүйінбай даңғылдары, Майлин, Шолохов, Ақан сері көшелері) техникалық тротуар салынады. Олар көшелерге эстетикалық сән беріп, жинау кезінде жасыл желектерді химиялық реагенттерден сақтайды.

## «Мектеп автобусы» жолда қалдырмайды

Ерболат Досаев Алматыда «Мектеп автобусы» жобасының бірінші кезеңі басталғанын айтты. Сондай-ақ, қоғамдық көлікке қызмет көрсету сапасын жақсартуға ерекше назар аударылатынын тілге тиек етті.

Бүгінде «Қайрат» ықшамауданынан «Райымбек» метростанциясына дейін жаңа №9 автобус маршруты (8 автобус) іске қосылды. Сонымен қатар, осы жылдың соңына дейін жаңа автобустардың жеткізілуіне қарай 7 маршрут (№8, 13, 17, 38, 46, 47, 69, 130) жаңартылады.

Осы оқу жылының басынан бері қалада өз мектептерінен шалғай аудандарда тұратын балаларға арналған «Мектеп автобусы» жобасының бірінші кезеңі басталды. Түркісіб ауданы бойынша бүгінде ауданның 4 мектебінен (№20, 32, 162, 115) балаларды тасымалдайтын 7 «Schoolbus» автобусы қатынайды.

## «Нұршашқанда» амбулатория ашылады

Қазан айында «Нұршашқан» ықшамауданында 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның, желтоқсан айында Айбасов көшесінде 200 келушіге арналған амбулаторияның құрылысы аяқталады.

«Сонымен қатар, 2024 жылғы қаңтарда «Қайрат» ықшамауданында 340 келушіге арналған емхананың жобалау-сметалық құжаттамасы дайын болады. 2024 жылғы мамырда «РВ-90» ықшамауданында 200 адамды қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның мемлекеттік сараптамадан шығуын күтеміз», – деді қала әкімі Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездесуде.

IV тоқсанда «Әлмерек» ықшамауданында 200 адам келетін отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге байқау жарияланады.

## «Жас қанаттың» қанаты жайылды

Әлеуметтік және спорттық бағыттағы нысандардың «жақын орналасуын» қамтамасыз ету үшін биыл жылдың соңына дейін «Жас қанат» ықшамауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланып отыр. Ол күніне 600 келушіні қабылдайды.

Майлин көшесі, 42 А мекенжайында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу үшін оның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Құрылыс келер жылдың маусымында басталмақ.

«Сонымен қатар, 2024 жылдың

II тоқсанының басынан бастап №6 Оқушылар үйін реконструкциялау туралы шешім қабылдадым», – деді мегаполис басшысы.

## Баум тоғайы түлейді

Алматыда келер жылы Баум тоғайы абаттандырылады. Бұл туралы да осы кездесуде мәлім болды. Ауданды абаттандыру аясында биыл Молдағалиев және Чехов көшелеріндегі жаяу серуендеу аймағының жұмысы аяқталды.

Экология және қоршаған орта басқармасы осы жылдың соңына дейін скандинавиялық жаяу жүріске арналған эко жолдары бар Баум тоғайын абаттандыру, шағын архитектуралық формаларды орнату бойынша; рекреациялық және жағажай аймақтарын жайластыру, жаяу жүргіншілер көпірлерін жаңарта отырып, Үлкен Алматы каналын абаттандыру бойынша; сондай-ақ «Кіші Алматы» өзенінің бойындағы жаяу жүргіншілер-серуендеу аймағын абаттандыру бойынша (Майлин көшесінен қала шекарасына дейін) жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлейтін болады. Жобаларды іске асыру 2024 жылдың ІІ тоқсанында басталады.

## Халықтың өз қолтаңбасы

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы Түркісіб ауданында да жүйелі жалғасын табады. Биыл аталған бағдарламаның тиімділігі ескеріліп, Түркісіб ауданына бөлінген қаражат сомасы 52 жобаны іске асыруға 1,7 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Бүгінгі күні 55 нысанның жұмысы аяқталды. Осы жылдың қарашасының соңына дейін тағы 27 жоба (балалар алаңдарын салу; жерасты қоқыс контейнерлерін орнату; жаяу жүргіншілер көпірлерін жөндеу; жаяу жүргіншілер серуендейтін аймақтарды жайластыру бойынша) аяқталады, деді қала әкімі Түркісіб ауданы тұрғындарымен кездесуінде.

## ТҮЙІН

Кездесу барысында Түркісіб ауданы тұрғындарынан түскен сауалдар аз болмады. Басым көпшілігі жол, жарық, кәріз жүйесі, қоғамдық көлік, баспана, абаттандыру тақырыптарын қозғады. Алматы қаласының әкімі Е.Досаев тұрғындардың сауалына егжей-тегжейлі жауап беріп, кейбір мәселелерде сала мамандарына нақты тапсырмалар беріп, шешімін ұзартпауды міндеттеді.

Әзірлегендер  
Нұржамал ӘЛІШЕВА,  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл қазан айында «Нұршашқан» шағынауданында **100 келушіге** арналған дәрігерлік амбулаторияның, желтоқсан айында Айбасов көшесінде **200 келушіге** арналған амбулаторияның құрылысы аяқталады.



Аудандағы **4 мектепке** балаларды тасымалдайтын **7 «schoolbus»** автобусы қатынайды.



Түркісіб ауданында **153 шақырымнан астам** су құбыры салынады.



Ауданда **11 үйдің** құрылысы жүріп жатыр.



Қазан айының соңына дейін ауданның **5 магистральды** көшесінің бойына **23 шақырым** техникалық тротуар төселеді.



Жайлы қалалық орта құру мақсатында **1,7 шақырым** арық желілері салынып, коллекторды тазарту арқылы үнемі су басатын **10 орын** жойылды.





## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

## ҚҰНАРЛЫ әрі ҚОЛЖЕТІМДІ

Алматыда ауылшаруашылық  
жәрмеңкесі өтеді

23-24 қыркүйекте сағат 08.00-ден 17.00-ге дейін Абай облысы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кеңейтілген жәрмеңкесі өтеді.

Оған облыстың 6 ауданының, сонымен қатар, Семей қаласының фермерлері қатысады. Жәрмеңкеде 40-тан астам өнім – ет, сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, өсімдік және жануар майлары және т.б. ұсынылады.

Өнімнің жалпы көлемі – 180 тонна, оның ішінде ет өнімдері – 30 тонна, жеміс – көкөніс өнімдері – 120 тонна, сүт өнімдері – 15 тонна, балық өнімдері – 5 тонна, басқалары – 10 тонна.

Кеңейтілген ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі Ш.Уәлиханов алаңында (Шевченко көшесі, Қонаев көшесінен Пушкин көшесіне дейін) өтеді.

Айта кетейік, 22–24 қыркүйекті қоса алғанда, сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін дайындау және өткізу кезінде Шевченко көшесі Пушкин көшесінен Қонаев көшесіне дейін жабық болады.



## ШОБ

## АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

Біздің мегаполис шағын және орта бизнесте жұмыспен  
қамтылғандар саны бойынша алда келедіНұржамал  
ӘЛШЕВА

(Басы 1 бетте)

Еліміз бойынша тіркелген, шағын және орта кәсіпкерлікпен айналысатын 4 миллионнан астам адам биылғы бірінші тоқсанда 13,6 трлн теңгенің өнімін өндірген болса, соның ішінде жетекші өңір болып танылып отырған біздің алматылықтардың осы бағытта 3,9 трлн теңгені қамтамасыз етті. Бұл туралы Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының өкілдері айтты. Сонда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, өсім 1 трлн теңгені құрады.

Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша елдің ЖІӨ-дегі ШОБ-тің жалпы қосылған құны 8,6 трлн теңгеге жеткен болса, Алматының үлесі 2,6 трлн теңгені құрап отыр.

Ranking.kz агенттігі ұсынған деректерге сүйенсек, ШОБ секторындағы барлық тіркелген компа-

ниялардың 17%-ы Алматыға тиесілі. 2023 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша елімізде 2,1 млн ШОБ субъектісі тіркелген, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары небәрі 1,9 млн.

«ҚР-дағы ШОБ субъектілерінің саны бойынша абсолютті көшбасшы республиканың қаржы орталығы және мәдени астанасы – Алматы болып табылады. ҚР бойынша сектордың барлық тіркелген компанияларының 17%-ы Алматыға тиесілі: 368,6 мың», делінген агенттіктің ресми хабарламасында.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мамандары шаһарда жұмыс істеп тұрған шағын кәсіпорындар санының екі есеге артқанын атап өтті. Дәлірек айтсақ, дәл қазір Алматыда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындар саны 315,2 мыңды құрайды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 44,7%-ға артық.

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының дерегіне, 2023 жылдың 8 айында мегаполис бойынша негізгі капиталға 876,9 млрд теңге инвес-

## «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



## ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ БЕЛСЕНДІ

Алматы аумағын дамыту бойынша 5449 ұсыныс түсті

Биыл 20 қыркүйекте budget.open-almaty.kz интернет порталында «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша өтінім қабылдау аяқталды. Тұрғындардан Алматы аумағын дамыту бойынша 5449 ұсыныс түсті.

Алмалы (1083), Алатау (1020), Әуезов (869), Жетісу (844) және Наурызбай (658), Медеу (364), Түркісіб (344) және Бостандық (267) аудандары тұрғындары белсенділік танытты.

Өтінім тоғыз санат бойынша – көгалдандыру; жарықтандыру; санитарияны қамтамасыз ету; полигондарды жою; тротуарларды, пандустарды, арықтарды және т.б. абаттандыруға қатысты қабылданды. Ұсыныстардың 70%-ға жуығы балалар/спорт алаңдарын абаттандыруға, арбаларды, орындықтар мен урналар-

ды жалпы пайдалану орындарын орнату болды.

Тұрғындардың бастамасына метро бекеттерін тік көгалдандыру; бадминтонға, Сейфуллин даңғылындағы перголаға арналған көше қорттарын орнату; итерді серуендету алаңын ұйымдастыру; оқушылар сарайында амфитеатр салу және т.б. кіреді.

Биыл 2 қазанға дейін аудандық әкімдіктер жанындағы сараптамалық кеңестер келіп түскен барлық өтінімнің «Халық қатысатын бюджеттің» критерийі мен талабына сәйкестігіне баға-

лау жүргізеді. Бағалау нәтижесі бойынша жоба авторлары берілген жобалық ұсыныстарға рұқсат беру, бас тарту немесе пысықтау қажеттігі туралы хабарлама алады.

Сараптамалық іріктеуден өткен барлық өтінім осы жылдың 13–23 қазан аралығында өтетін дауыс беруге кезеңіне жіберіледі. Бір тұрғын 3 жобалық ұсынысқа дауыс бере алады.

Ең көп дауыс жинаған бастамаларды аудан әкімдіктері 2024 жылы қалалық бюджет есебінен іске асырады.

«Халық қатысатын бюджет» бойынша консультацияны аудандық әкімдіктерден немесе Open Almaty әкімдігінің қоғамдық қабылдау бөлмесінен 224 39 29 (ішкі 203, 127) білуге болады.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



## ТАҚТАЙДАЙ ТҮЗУ ЖОЛ

Гагарин даңғылында көлік  
қозғалысы ашылды

Алматыдағы Гагарин даңғылындағы учаскеде жылу желілерін қайта құру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Мұнда асфальтбетон жабыны төселіп, көлік қозғалысы қайта ашылды.

«Алматы жылу желілері» ЖШС хабарлағандай, биыл 29 маусымнан бастап Бостандық ауданында ТМ 1 жылу желілерін Қожанов көшесіндегі ТК 1-6-дан Орталық жылу тарату пунктіне дейін, Гагарин даңғылының бойында Қожанов көшесінен Ескараев көшесіне дейін қайта жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазіргі уақытта Ескараев көшесінде құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жылу желілерінің бұл учаскесі қолданыстағы құбырдың Қожанов көшесі бойымен өтуіне байланысты жылу маусымының дайындығына әсер етпейді. Жұмыс биыл қараша айында аяқталады. Биыл 548,7 м төселді, келесі жылға тағы да осынша көлем жоспарланған.

Жүргізіліп жатқан қайта құрудың мақсаты – ТМ 1 қалалық жылу магистралінің физикалық тозуына байланысты оның жұмысын жақсарту. Бұл қаланың жоғарыда аталған көшелерінің аумағында орналасқан 19 көпәтерлі үйдің, 2 балабақшаның және 39 басқа нысанның тұрғындарын жылумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Естеріңізге сала кетейік, биылғы жылуаралық кезеңде Алматыда 17,7 км жылумен жабдықтау желілері, 120 км электрмен жабдықтау, 43 км сумен жабдықтау, 29 км газбен жабдықтау қайта жаңартылып, жөнделіп жатыр.

Бетті дайындаған  
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# «ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС»

Алматы өнеркәсіп орталығына айналды

**ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп, отандық өнеркәсіпті танымал ету және қазақстандық тауарлардың имиджін арттыруға бағытталған «Отандық өндіріс» медиа-жобасын іске қосты. Жобаның негізгі мақсаты – Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының оң тәжірибелерін көрсету, отандық тауарлар мен қызметтердің имиджін жақсарту, елішілік құндылық идеяларын насихаттау, республикадағы кәсіпкерлікті танымал ету.**

Досбол  
АТАЖАН

Алматы қаласында «Отандық өндіріс» жобасы аясында баспасөз туры ұйымдас-тырылып, жеңіл өнеркәсіп бағытындағы екі кәсіпорынның тыныс-тіршілігі таныс-тырылды.

Алғашқы болып БАҚ өкілдеріне «Каз-легпром-Алматы» ЖШС-ның өндіріс орны мен тігін цехтары көрсетілді. Айта кеткен жөн, компания Қазақстанның жеңіл өнеркәсібінің тігін және аяқкиім саласы-ның ірі жоғары технологиялық өндірістік кәсіпорындарының бірі. Зауыт нарықта 2011 жылдан бастап табысты жұмыс істеп келеді. Компания басшылығының айтуын-ша, кәсіпорынның негізгі мақсаты – еліміздің жеңіл өнеркәсіп нарығын бәсеке-ге қабілетті қылу және отандық өндірістегі тігін аяқкиім өнімдерімен қамтамасыз ету. Тігін-аяқкиім фабрикасының өндірістік қуаты жылына 1,5 млн-ға дейін түрлі тігін бұйымдары мен 500 мың жұп аяқкиім шы-ғаруға мүмкіндік береді.

– Біздің зауытта 700-ден астам адам жұмыс істейді. Жұмысшыларымыз өндіріс орнының 3-кабатында киім өндірумен, 2-кабатында аяқкиім тігумен айналысады. Орташа жалақы 200–250 мың теңгені құ-райды. Дәл қазір төртінші қабатта Ұлттық ұлан мен Қорғаныс министрлігінің тапсы-рысы бойынша қысқы киімдер, үшінші қабатта салтанатты рәсімге киетін киім-

дер, екінші қабатта қысқы және жазғы киімдер тігіліп жатыр. Сондай-ақ, бізде аяқкиім өндірісі бар. Былғарыны Алматы қаласынан алдырамыз. Шикізат шетел-ден – Қытай, Ресей, Түркия сынды елдер-ден келеді. Оған қоса, біздің Ұзынағаш қаласында 150 адамды жұмыспен қамтып отырған тігін цехымыз бар. Болашақта үлкен фабрика ашуды жоспарлап отырмыз. Кәсіпорында күніне 1500 дана аяқкиім, 2000 киім, күртеше, костюм тігіп шығара-мыз, – дейді компания директоры Олжас Зияханов.

Өндірістік кешен жалпы ауданы 12033,7 м2 болатын 1 гектар жерде орна-ласқан. Өндіріс тігін және аяқкиім өндірісінің ең озық технологиялық шешім-дері енгізілген заманауи жаңғыртылған кешен болып табылады. Фабриканың әлемдік жетекші өндірушілердің (Герма-ния, Жапония, АҚШ) заманауи және жоға-ры технологиялық жабдықтарымен қамта-масыз етілуі қысқа мерзімде жоғары сапалы үлкен көлемдегі өнім шығаруға мүмкіндік береді. Тігін-аяқкиім фабрика-сы 2013 жылдан бастап сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкестігін растай-тын ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менедж-менті жүйесі» және ҚР СТ ИСО 14001-2006 «Экологиялық менеджмент жүйесі» жүйелерін енгізіп, тиісті сертификаттау-лардан өткен.

Фабрикада шығарылатын өнімнің бар-лық ассортиментінде СТ-KZ сертификаты бар. Өнімдерде қазақстандық қамту

үлесінің көрсеткіштері 52-84% құрайды. Зауыттың қоймасы осы тігін-аяқкиім фаб-рикасының аумағында орналасқан. Жалпы ЖШС орналасқан жерінің ыңғайлылығы, кірме жолдардың және өз көлік паркінің болуы, сондай-ақ көлік компанияларымен тығыз қарым-қатынастағы ынтымақтастық байланыстар зауыт өнімдерін бүкіл Қа-зақстан бойынша жедел жөнелтуге және жеткізуге мүмкіндік береді.

## ЕСІК ҚАЛАСЫНДА ЖАҢА ӨНДІРІС АШЫЛАДЫ

Келесі кезекте медиамамандарға «ҚазСПО-Н» ЖШС-ның тігін цехтары мен дайын өнімдері таныстырылды.

«ҚазСПО-Н» ЖШС 1996 жылдан бас-тап киім тігумен айналысады. Компания негізінен мұнай-газ секторы мен арнайы бөлімшелер үшін жұмыс киімдерін, табиғи мамықтан жасалған сырт киімдерді шыға-румен айналысады. Сонымен қатар, жеке брендпен спорттық формалар және тоқыл-ған трикотаж өнімдері шығарылады. Өндіріс заманауи автоматтандырылған жабдықтармен толық жабдықталған.

– Біз арнайы жұмыс киімдерін тігумен де, әскери киімдерді шығарумен де айна-лысамыз. Шығарылатын өнімдердің но-менклатурасы 500 модельге дейін жетеді. Zibroo тауар маркамызбен 17 жыл бойы спорттық киімдерді де шығарып келеміз. Қазақстан құрамының әртүрлі халықара-лық жарыстарға арналған қажетті киімдер-мен қамтамасыз етіп тұрамыз. Біздің жаңа бағытымыз – пуховиктер тігу. Бұл жұмыс-пен айналысқанымызға 7 жыл болды, – деді компанияның бас директоры Елена Свечникова.

Сондай-ақ, компания директорының айтуынша, кәсіпорын тұрақты түрде ха-лықаралық көрмелерге қатысады. Күртқа өнімдері негізінен Ресейге экспортталады және 2 жыл көлемінде зауыт өнімі Америк-а мен Еуропа нарығында да ұсынылған.

– Біз Қазақстанда бола тұра қажетті шикізат өнімдерін сырттан алуға мәж-бүрміз. Олардың қатарында Қытай, Түр-кия, Италия бар. Ал мамықты негізінен Қазақстан мен Ресейден аламыз. Келген шикізаттың сапасын нақты білу үшін кәсіпорын ішінде жеке зертхана аштық. Мұнда матаның қаттылығы мен қыл-қы-бырының сапасы анықталады. Жалпы, компаниямыздың қазіргі даму бағыты бөлшек саудаға негізделген. Ол үшін пухо-виктерді тігу өндірісіне аса назар аударып отырмыз. Біздің бұл өнім Ресейдің 40-қа жуық қаласына экспортталады.

Бүгінгі күні өндірістік желіні кеңейту мақсатында, жақын маңдағы өңірлер үшін жаңа филиалдар ашуды жоспарлап отыр-мыз. Биыл Есік қаласында жаңа өндіріс орнының құрылысы жүріп жатыр. Ол жел-тоқсан айында іске қосылуы қажет. Негізгі өндіріс орнында 200-ден астам адам жұ-мыс істесе, Есік қаласындағы филиалымыз 100 шақты адамды жұмыспен қамтуға



мүмкіндік береді, – деді кәсіпорын дирек-торы.

Айта кеткен жөн, өндірісте «Zibroo-school» кадрларды даярлау бойынша жеке мектеп жұмыс істейді. Онда тігін цехында жұмыс істегісі келген адамдар тегін оқы-тылады.

## 8 АЙДА 1 МЛРД ТЕҢГЕГЕ ӨНІМ ӨНДІРІЛДІ

Іс-шара барысында қалалық Өнеркәсіпті дамыту бөлімінің басшысы Әбілқайыр Аймұхамбет Алматы қаласы-ның өнеркәсіп өндірісі бойынша көшбас-тап тұрғанын айтты.

– Өнеркәсіп жұмысының қорытынды-сы бойынша Алматы қаласында 2023 жыл-дың 8 айында 1303,7 млрд теңгеге өнім өндірілді. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 120,2% құрайды. Қаланың барлық 8 ауда-нында өнеркәсіп өндірісінің көлемі ұлғай-ды. Қазір Алматы қаласы Қазақстан Рес-публикасының барлық өңірлері арасында 1-орынға орналасты. Қаламыздың өнеркәсіп өндірісіндегі өсім Алатау аудан-ындағы Алматы индустриалды аймағы-ның дамуымен тығыз байланысты. Алатау ауданында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 466,9 млрд теңгені құрады, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі – 429,9 млрд теңге.

Соңғы жылдары шаһарымызда авто-мобиль кластері жақсы дамуда. 2022 жылы өңдеу өнеркәсібі өсімінің 70%-ы автомобиль жасау есебінен қамтамасыз етілді, 37,2 мың автомобиль өндірілді. Жалпы салық түсімдері – 8,7 млрд теңгені құрады, – деді Алматы қаласы Кәсіп-керлік және инвестициялар басқармасы Өнеркәсіпті дамыту бөлімінің басшысы Әбілқайыр Аймұхамбет.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.





ТҰСАУКЕСЕР

# Almaty Tourism Bureau

Алматының даңқын жаһандық деңгейге көтеруді көздеп отыр

Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы «Алматы туризм бюросы» (Almaty Tourism Bureau) болып қайта құрылды. Аталған ұйым Алматыны туристік дестинация ретінде ілгерілетуге көшу арқылы мақсаттар мен міндеттер аясын ұлғайтады. Халықаралық туристік байланыстарды кеңейту және бүкіл әлемнің Алматыға деген қызығушылығын арттыру бойынша жұмыстарды жандандырмақ.



Нұржамал  
ӘЛШЕВА

Алматының туризм бюросының қатысуымен жақында Алматы халықаралық әуежайындағы паспорттық бақылау аймағындағы кабиналар жаңартылды. Онда қазір ұшып келген меймандарды қазақ, орыс, ағылшын, араб, қытай, француз, итальян, түрік және корей тілдерінде қарсы алады. Ыңғайлы навигация үшін орталық қала қиылыстарында 52 ақпараттық тотем орнатылды, онда картадан басқа танымал туристік бағыттар туралы да ақпараттар бар.

Алматының туристік әлеуетін дамыту бойынша жұмыс аясында биыл көлік тораптары қызметінің қызметкерлері мен туристермен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын сала мамандары ағылшын тілі және қонақжайлылық негіздері бойынша оқытудан өтеді. «Kazakh Tourism ҰҚ» АҚ-мен бірлесіп туристік қызметтер көрсету сапасын арттыруға бағытталған және үш негізгі бағытта-туроператорлық қызмет, орналастыру орындары мен тамақтану пункттерінде жүзеге асырылатын «Сапа белгісі» бағдарламасы іске асырылуда. «Сапа белгісі» ұлттық стандарттарға негізделген бағдарлама талаптары-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

на сәйкес келетін ұйымдарға беріледі. Келесі кезеңде Recommended by Visit Almaty өңірлік стандартын енгізу жоспарланып отыр.

Айта кетейік, Visit Almaty – Алматы қаласы Туризм басқармасымен бірлесіп Almaty Tourism Bureau белсенді түрде насихаттайтын қаланың туристік бренді. Туристерге ыңғайлы болу үшін қалада Visit Almaty 10 ақпараттандыру нүктесі жұмыс істейді. Онда қызықты турлар, бос уақытты дұрыс өткізу бойынша ұсынымдар және Алматы мен оның айналасы туралы басқа да пайдалы ақпараттар, кәсіби кеңестер, оның ішінде карталар, жолсілтемелер, тау бағыттарының атластары, туроператорлардың брошюраларын алуға болады.

«Алматы туризм бюросының» басшысы Камила Лұқпанова ресми ашылу барысында, «Егер бұрын туристік ақпараттық орталық

негізінен ақпараттық-консультациялық сипатта болса, енді Almaty Tourism Bureau туризм саласындағы соңғы үрдістерді ескеретін маркетингтік коммуникацияларға баса назар аудара отырып, дестинацияны ілгерілету жөніндегі нағыз жобалық кеңсеге айналды», – деп атап өтті.

Almaty Tourism Bureau үшін шетелдегі туристермен және серіктестермен неғұрлым тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін онлайн мүмкіндіктерді кеңейту де шешуші рөл атқарады. Әлемдік БАҚ-пен өзара іс-қимыл, Халықаралық конгресстер мен конференциялар қауымдастығымен (International Congress and Convention Association, ICCA) әріптестік қарым-қатынас орнатылуда.

Бюро жұмысының негізгі мақсаты – біздің қалаға тағы да ат басын бұрғысы к-

летін саяхатшылар үшін жайлы орта, қауіпсіздік және мол әсерлер алуын қамтамасыз ету.

Естеріңізге сала кетейік, «Алматы қаласының туристік ақпараттық орталығы» 2017 жылы құрылған болатын. 5 жыл ішінде 10 ақпараттық нүкте ашылды, онда 100 мыңнан астам туристке қызмет көрсетілді. 2019 жылдың соңында ұйым миллионыншы туриспен кездесті. ТИЦ ірі халықаралық көрмелерге және іс-шараларға қатысып, Asia's Leading city Break Destination 2019: Almaty, Kazakhstan номинациялары бойынша world Travel Awards 2019 халықаралық байқауында жеңімпаз атанды. Бұл іс-шаралар бізге келетін туристер көрсеткішін 2 есеге өсірді. Атауы жаңаланып жатқан бюро бұл үдеден түспейді деген сенім бар.

БІРЕГЕЙ ШОУ

Алматыда Қала күнін мерекелеу аясында Қазақ мемлекеттік циркінің «Ашық аспан астындағы цирк» атты бірегей шоуы өтті.

## АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ



Досбол  
АТАЖАН

Сахнада Гран-при иегерлері мен халықаралық цирк өнері фестивалінің алтын жүлдегерлері өнер көрсетті. Шоу бағдарламасында трапеция нөмірлері, әуе гамагындағы гимнастика, акробатика, жонглерлер, сайқымазақтар және өзге де келген қауымды қызықтырған нөмірлер болды.

– «Ашық аспан астындағы цирк» шоуы осымен қатарынан 2 жыл өтіп отыр. Мерекелік шара Қала күніне орай ұйымдастырылды. Негізінен, ашық аспан астында өнер көрсету әртістер үшін оңай емес. Өйткені, манеж үстінде қажетті құрал-жабдықтар орнатылса, ал ашық далада олардың барлығы бола бермейді. Деген-



мен, біздің әртістеріміз жан-жақты болуға үйреніп келеді. Сондықтан біз үшін бұл жоба қажет. Бүгінгі шоуа қауіпті трюктер де көрсетіледі. Ел аузында «Батылдық дөңгелегі» аталған құрылымда акробатта-



рымыз өнер көрсетеді, – деді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры Максат Жаиков.

Сондай-ақ, Максат Маратбекұлы таяуда өткен халықаралық жарыстан алматылық акробатшылардың жүлде алғаны туралы пікір білдірді.

– 14–17 қыркүйек арасында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында 2-ші халықаралық цирк фестивалі өтті. Бұл әлемдегі ең үздік фестивальдердің бірі. Цирк әлемінің олимпиадасы деуге болады. Онда 16 елден барлығы 200-ге жуық әртіс қатысты. Фестиваль қорытындысы бойынша «Қос мачтадағы акробаттар» нөмірін орындаған Hassak тобы қола жүлдеге ие болды. Бұл Алматы циркі мен жалпы еліміз үшін үлкен жетістік. Болашақ жоспарларымызға келетін болсақ, біз циркті 2 деңгейге бөлеміз: республикалық және

халықаралық. Республикалық бағыт бойынша біз өз көрермендерімізге, қала тұрғындары мен қонақтарына әртүрлі шоулар жасай береміз. Қазір көп жылдардан бері келмеген Саха елінің (Якутия) әртістері келіп, өнерлерін паш етуде.

Сондай-ақ, биыл Алматыда алғаш рет халықаралық цирк фестивалін ұйымдастырдық. Оған 15 елден әртістер қатысты. Бұл бастаманы әрі қарай халықаралық деңгейде дамыта беру жоспарымызда бар, фестиваль келесі жылы жалғасын таппақ. Монте-Карлода 46 жыл қатарынан фестиваль ұйымдастырылып келеді, ал біздің 50 жылдық тарихымызда бұл бірінші рет болды. Сондықтан оны дәстүрлі үрдіске айналдырып, қазақ цирк өнерін дамыту, халықаралық қатынастарды дамыту жоспарда бар, – деді Қазақ мемлекеттік циркінің директоры.





● ТҮРКСОЙ

# МЕМОРАНДУМ МӘРТЕБЕСІ

## бауырлас елдер ынтымақтастығының жаңа деңгейіне жол ашады

Соңғы жылдары түркі елдерінің руханият саласындағы байланыстары жаңа деңгейге шықты. Оның жарқын бір мысалы, жуырда Түркия Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, Анкара әлеуметтік ғылымдар университетінің ректоры, профессор, доктор Мұса Казым Арыжан Қазақстанға арнайы сапармен келді.



Пердехан ШӘМШИЕВ

Мәртебелі мейманның Қазақстанға сапарының негізгі мақсаты да руханият саласындағы байланыстарды тереңдету. Осы орайда Мұса Казым Арыжан мырза ТҮРКСОЙ (Түркі халықтарының өнері мен мәдениетін дамытуға ықпал жасайтын халықаралық ұйым) ұйымының жанынан құрылған Түркі дүниесі Жазушылар Одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулетпен кездесті. Қос тарап Сезай Каракоч, Расим Өзденерен, Джемиль Мерич сияқты атақты түрік жазушыларының еңбектері қазақ тіліне аударылатыны туралы уағдаласты. Сондай-ақ, түрік жазушысы Мехмет Акиф Ерсойдың туғанына 150 жыл толуына орай жоспарланған мерекелік іс-шара туралы пікір алмасты.



Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов пен Түркия Жазушылар одағының төрағасы Мұса Казым Арыжан әдебиет пен мәдениет саласындағы, сондай-ақ рухани-ағартушылық және жалпы гуманитарлық мәселелердегі әріптестік пен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Білім беру және ғылым саласы да назардан тыс қалмады. Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті мен еліміздің жетекші жоғары оқу орны – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, сондай-ақ ҚР Ұлттық Ғылым академиясы арасында білім беру мен ғылыми-зерттеу

салаларында Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Мұса Казым Арыжан Еуразия ғылыми-зерттеу институтында «Дәстүр мен заманауи үдерістер арасындағы Түркі жастары мен болашағы» тақырыбында өткен семинарға қатысты. Семинарға институт басшысы доктор Суат Бейлур мырза, «ALATAU-AQPARAT» ЖШС бас директоры Ержан Қалымбайұлы және институттың ғылыми қызметкерлері қатысты. Іс-шара соңында Анкара әлеуметтік ғылымдар университеті мен Еуразия ғылыми-зерттеу институты арасында байланыс орнату туралы меморандумға қол қойылды.

● ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

# ҚАЗАҚ АЙЫМДАРЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Қыздар педагогикалық институтының тұңғыш әйел ректоры Тұрсын Мырзабекованың құрметіне мемориалдық тақта ашылды

Айтулы тұлғаның қазақ қыздарының құтханасына айналған оқу ордасына сіңірген еңбегі орасан зор. Оқу ордасына он төрт жыл басшылық етіп, қазақ қыздарының ілім-білім алуына зор жағдай жасады. Ұлағатты ұстаздың осы жолдағы еңбектері еленіп, тарих ғылымының кандидаты, доцент, «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Құрмет белгісі» және көптеген медальдармен марапатталған. Оқу-ағарту саласында үзбей көп жыл ұстаздық еткені үшін «Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атаққа ие болды. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары да парасат иесінің есімі әрқез жаңғырып, елімен бірге жасап келеді. Қалалық әкімдіктің қолдауымен ашылып отырған ескерткіш-тақта ұлағатты жанның еңбегіне көрсетіліп отырған зор құрмет.



Рая ЕСКЕНДІР

Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының тұңғыш әйел ректоры Тұрсын Мырзабекованың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсіміне Алматы қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков, Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы – ректор Гүлмира Қанай, тарих ғылымының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, мемлекет және қоғам қайраткері Ғайникен Бибатырова қатысты. Сонымен қатар, Тұрсын Мырзабекованың қызы, геология-минерология ғылымының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Қ.И.Сәтбаев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Элеонора Юсупқызы Сейтмұратова қатысты.

Алғашқы сөз кезегін қалалық Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Арман Халбеков алып, қазақ қыздарының оқып-білім алуына, оқу ордасының өркендеп, қалыптасуына зор еңбегі сіңген жанның есімі мәңгі есте қалатынын айтып, өмір жолына тоқталды.

– Тұрсын Мырзабекқызы 1945 жылдың 13 қыркүйегінде соғыс аяқтала салысымен, Алматы қаласындағы ашылғанына бір жыл ғана толған Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтына басшылық қызметке тағайындалады. Қазақ

білімінің ілгері дамуына, профессор-оқытушы құрамының сапасына да көңіл бөледі. Институтқа атақты, білімді оқытушы-ғалымдар шақырылып, студенттердің білім алуына толықтай мүмкіндік жасады. Оқу және тәрбие жұмыстарына атакты ғалымдарды, ақын-жазушыларды, қоғам қайраткерлерін шақырып кездесулер өткізеді. Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов, Т.Тәжібаев, Ә.Марғұлан студенттерге сабақ бере жүріп, институтта өтетін әдеби кештерге жиі қатынасып, сондай-ақ мемлекеттік емтихан сынақтарына мүшелікке сайланып, көптеген қамқорлықтар жасады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ғайникен БИБАТЫРОВА, мемлекет және қоғам қайраткері:**

– Оқу ордасының дамуына Тұрсын Мырзабекқызы көп еңбек сіңірді. Қазіргі оқу корпустары мен жатақханаларды талай есікті қағып жүріп, салғызды. Еңбегі өте зор болды. Таңертең жетіде үйінен кетіп, қараңғы түскенде бір-ақ қайтады. Отбасындағы үш баласын кезек-кезек құшақтап, бір иіскеп, қайта жұмысқа кетеді екен. «Артында бар оңалар» демекші, сол ұрпағы өніп-өсіп отыр, немере-шөберелері бар. Ғылым жолында жүр. Міне, осындай кісінің есімі жаңғырып, қайта арамызға оралып жатса, аруағы бір аунап түскен шығар.

**Элеонора ЮСУПҚЫЗЫ,**

**Т.Мырзабекованың қызы:**

– Мен қатты толқып тұрмын. Анамыз өте әділ, адал кісі болды. Отбасындағы балалар тәрбиесіне де, қоғамдық жұмыстарға да уақыт табатын. Бізден де осы тәртіпті талап ететін. Анамызды мәңгі есте қалдыру үшін осынау іс-шара ұйымдастырып, ескерткіш-тақта ашып жатқан қалалық әкімшілік пен оқу ордасының басшылығына отбасымыздың ризашылығын білдіргім келеді.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Институт кітапханасын ұйымдастыруда да зор еңбек етті. Дене тәрбиесі, ән-би сабағы жүргізіле бастады. Нәтижесінде студенттер республика, одақ көлеміндегі жарыстарда жүлделі орындарды иеленген екен, – дей келе, басқарма басшысының орынбасары оқу ордасының әлі де биіктен көрінуіне тілектестік білдірді.

Келесі кезекте оқу ордасының бүгінгі басшысы Гүлмира Қанай өзінің осынау өнегелі жолды жалғастырып, аманат арқалаған жан екеніне ризашылығын білдірді. Оқу ордасының бастамасына қолдау көрсеткен қала басшысына алғысын жеткізді.

● БАЙҚАУ

## «ALMATY USTAZY»

### қалалық конкурсы үшінші мәрте өтіп жатыр

Ұстаздар мерекесі қарсаңында шаһар басшысының тікелей қолдауымен «Almaty Ustazy» қалалық конкурсы үшінші мәрте өтіп жатыр. Аталмыш байқау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Заңымен бекітілген. «Білімді ұлт «Сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі мақсаты – педагогтардың таланты мен шығармашылық әлеуетін анықтау, озық педагогикалық тәжірибені тарату, педагог мәртебесін арттыру. «Almaty Ustazy» конкурсының ұйымдастырушылары Алматы қаласының Білім басқармасы мен Білім басқармасы жанындағы қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы.

Биыл «Almaty Ustazy» байқауына қатысып, бағын сынағысы келген педагогтар қарасы жылдағыға қарағанда қалың. Қазіргі таңда қаланың білім беру жүйесінде барлығы 7400 жас педагог еңбек етіп жатса, олардың қатары жыл сайын 600-ден астам жоғары оқу орындарын бітірген түлектермен толығып отырады. Сондықтан ортаға енді келіп жатқан жас мамандарға тәжірибе мен ақыл-кеңес ауадай қажет-ақ. Мұндай байқаудың жас педагогтар үшін көптеген пайдалы ақпарат алып, жаңа әдістер мен технологиялар туралы білуіне, білімдері мен қабілеттерін көрсетуге арналған алаң іспетті болары анық. Осы үш жыл ішінде конкурсқа қатысуға 36 жасқа дейінгі 7 мыңға жуық жас педагог тіркеліпті.

Биыл «ALMATY USTAZY» байқауына қатысуға 2640 педагог өтінім беріп, алғашқы кезеңі онлайн түрде [www.almatyustazy-2023.kz](http://www.almatyustazy-2023.kz) электрондық платформасында өтті. Байқауға 205 мектептен 1327 педагог, 11 оқу пәні бойынша өз жұмыстарын ұсынды. Қатысушылардың жұмысын 73 сарапшы бағалады. Конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша екінші кезеңге сарапшылар әртүрлі пәндер бойынша 114 қатысушыны жіберді. Олар 11–16 мамыр аралығында 22 мектеп базасында конкурстық сабақтар өткізді.

Байқаудың финалдық кезеңі 2 бөлімнен тұрады. Онда қаланың үздік 14 педагогі өздерінің «Мен – мұғалім көшбасшымын» жобасын қорғап, «Қазіргі білім берудің өзекті міндеттері» тақырыбындағы пікірталасқа қатысады. Финалдың бес жеңімпазы халықаралық білім беру тағылымдама-сынан өту үшін шетелдік білім беру мекемелеріне жолдама алады. Сонымен қатар, байқаудың Бас жеңімпазы 5 000 000 теңге сыйлық алады. Жеңімпаздар 5 қазан күні Республика сарайында марапатталады.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.





## ● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР



# БЕРЛИНДІ БОМБАЛАҒАН ҚАЗАҚ

## Хабарсыз кеткен ұшқыш Кеңес Одағының Батыры Біләл Қалиев еді

1985 жылы Липецк облысының Дебрицкий ауданы, Хворостянка елдімекенінің Жеңіс саябағындағы бауырластар зиратына алты жауынгердің мүрдесі қойылды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында бұл алты ұшқыштың мүрдесін мектеп оқушыларынан құралған кәдімгі қызылшілер тапқан. Ұшқыштардың ішіндегі біреуі – Біләл Қалиев деген қазақ болып шықты. Кеңестік ұшқыштар арада 43 жыл уақыт өткен соң, сөйтіп, екінші рет жерленген болатын.

1942 жылдың 14 шілдесінде алысқа ұшатын «ДБ-3» (ИЛ-4) кеңестік бомбалаушы екі ұшақты осы елдімекеннің аспанында неміс-фашистерінің истребительдері атып түсірген болатын. Арада 43 жыл өтсе де, жергілікті тұрғындар бұл оқиғаны ұмытпаған еді.

1989 жылы «Балаң табылып, бауырластар зиратына жерленді» деген хат келгенде, Жамал апа не істерін білмей, естен тана жаздаған. Ол кезде марқұм ері – Әбіл тірі болатын. Бұрын – 1942 жылы «Балаң хабарсыз кетті» деп қара қағаз алғаннан бері көңілдерінде күмән жүретін. Не өлі, не тірі екені белгісіз хабарсыз кету ол кезде Отанын сатып кетті дегенмен бірдей еді. Енді, міне, Кеңес Одағының Батыры, ұшқыш Біләл Қалиевтың мүрдесі табылып, бес ұшқышпен бірге бауырластар зиратына жерленіп отыр. Алғашында, Жамал Қоржынбаева не күлерін, не жыларын білмей қалды. Кішкентай кезінде шешесінен айрылған Біләлді Жамал жеңгесі бауырына басып, өзіне бала етіп алған болатын.

Біләл Қалиев мектеп бітірген соң 1934 жылы Красноводскідегі педагогика училищесіне оқуға түскен. Оны тамамдағаннан кейін 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, Черниговтегі әскери әуе училищесінің курсанты болады. Ол осылайша «ИЛ-4» (ДБ) бомбалаушы ұшағының ұшқышы болып шыққан. Оның ары қарайғы тағдыры белгісіз болып қалар ма еді, үлкендердің әңгімесін тыңдап, егжей-тегжейлі зерттеп жүретін қызылші-пионерлер 1942 жылы 14 шілдеде бірге жерленген кеңестік алты ұшқыштың жатқан жерін іздеп тапты.

Кеңестік ұшқыштардың екі ұшағы әскери тапсырмаларын орындап, қайтып ұшып келе жатқан жолда, аспандағы айқаста күші басым жау оғынан құлаған. Ұрыс алаңына жасырынып барып, кеңестік ұшқыштарды асығыс жерлеген жергілікті тұрғындар олардың кім екенін білмеген. 1945 жылы 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңындағы іздеу жұмыстарының нәтижесінде ғана олар жатқан жер қайта табылып, жан-жақты сұрас-тырыла бастады.

– 1985 жылы екі бірдей ұшақтың ұшқыштарын қайта жерлеу кезінде ұшқыштардың мүрдесінен аты-жөндері

жазылған оқтың капсуласы шыққан. Біләл ағамның аты-жөні жазылған капсула ішіндегі қағазда «1917 жылы туған, Красноводск әскери комиссариатынан шақырылған» делініпті. Осы деректер арқылы іздеу жұмыстары жүргізіліп, барлық ақиқат ашылған, – дейді батыр ұшқыштың бауыры Мұханбет Қалиев.

Әскер қатарына Түркіменстаннан шақырылған Біләл Қалиевтың туған-туыстарын қызылшілер әскери комиссариат арқылы, алдында, Красноводск қаласынан іздеген. Тың игеру кездерінде Қазақстанға қайта көшіп келген оның ағайын-туыстары ол кезде бұл оқиғадан хабарсыз болатын. «Біләл тірі, бір күні бір дерегі шығады» деген ой да жоқ емес еді. Бәлкім, бұл көңілдің жамандыққа қимағандығынан да шығар. Дегенмен, қыран көзді қайсар Біләлді хабарсыз кетті деу қисынға келмейтін. Соғыста жүргенде одан екі рет хат келген. Біләлді бауырына басып өсірген жеңгесі, екінші шешесі болған Жамал Қоржынбаева:

– Айналайын, бізге жазған алдыңғы хатында ол «Үлкен «тойға» барайық деп жатырмыз. Құдай амандық берсе, соғыс та бітер, аман-есен барамыз. Бірақ қазір алдымызда бір қиын нәрсе тұр» деп жазған еді. Сөйтсек, Мәскеуге 60 шақырым қалған екен, жаудың бетін қайтарып, бізге тағы хат жазды. Отанымыздың астанасына 60 шақырым қалған жауды 280 шақырымға дейін кейін қуыпты. Ұшқыштардың мүрдесін тапқан қызылшілер олардың мойындарына тағылған капсула арқылы бәрін анықтаған. Бес орыс, бір қазақ – алтауы бірге жерленіпті, – дейді өткенді еске алып.

1941 жылдың 22 шілдесінде, соғыс басталған соң бір айдан кейін, неміс-фашистерінің ұшқыштары ұшып келіп Мәскеуді бомбалаған. «Геринг қырандары» аталған фашистердің әуе күштері мықты болатын. Бұдан кейін кеңестік әскери әуе күштерінің алдында Берлинді бомбалау міндеті тұрды. Қазақша айтқанда, қарымта қайтару керек болған. Шындығын айтқанда, екіара тым алыс. Үлкен есептеулер мен тыңғылықты зерттеулердің арқасында ДБ-3 деп аталатын «ИЛ-4» ұшақтары Балтық теңізіндегі Саарема аралының әуежайынан ұшқанда ғана Берлинге барып қайтуға шамасы жететіні белгілі болды. Алайда, бұндай көзсіз ерлікке бару оңай

емес еді. Сталиннің тікелей бұйрығымен қолға алынған бұл істе кеңестік ұшқыштардың ішінен ең мықты дегендері іріктеліп алынған. Солардың қатарында ұшқыш Иван Удовенко мен штурман Павел Иоффе және Біләл Қалиев үшеуінен тұратын экипаж бар болатын.

– Сол кездегі біздің №8 әскери әуе және минноторпеда полкі Балтық теңізінде орналасқан екен. «Біз қалайда Берлинді бомбалауымыз керек!» деген Сталиннің қатал тапсырмасы бойынша есептеулер жүргізіледі. Берлинге ұшып барып қайтатындай ең жақын жер сол жердегі Саарема аралы деп табылған. Ұшақтың жанармайы сол жерден ұшып шыққанда ғана барып қайтуға жететінін есептеген ғой, – дейді батыр ұшқыштың ағасы Біләлдің тағдырын жете зерттеген Мұханбет Қалиев.

Ерлікпен қаза тапқан ұшқыштарды Қазақстан халқы әлі біле қоймаған тұста Липецк облысының қызылшілері мен жергілікті тұрғындары тауып, арулап көмген. Аты-жөні белгілі, алайда туған-туыстары әлі білмейтін болған соң, оларды бауырластар зиратының жанына өз бетінше жеке жерледі. Іздеген жұрт тез табатын болсын деген. Бастарына ескерткіш орнатып, олардың туыстарын іздей бастаған. 1942 жылы осындағы аспандағы айқастың куәгері болған қыздың бірі сол кезде 8 жаста екен.

– Біз 1985 жылы әкеміздің басына барғанымызда әлгі кішкентай қыз бала үлкен мұғалім болыпты. Ол кісі бізге көп нәрсе айтты. Әкемізді алдымен Красноводскіде іздеген екен, ондағы туыстар біздің мекенжайымызды беріп, 90-жылдары ғана біз хабардар болдық, – дейді Мұханбет Қалиев.

1941 жылдың 8 тамызы – тарихта ерлік пен батырлықтың үлкен белгісі болып қалған қастерлі күн. Ол күні кеңестік әскердің ұшақтары тұңғыш рет неміс-фашистерінің ордасына айналған Берлинді бомбалаған. Ондайды күтпеген фашистік Германия ертеңіне – 9 тамызда радиодан «Берлинді ағылшын ұшақтары бомбалады» деп хабар таратады. Оны артынша Би-Би-Сидің радиосы жоққа шығарған. Шындығында, бұл ұшақтар Кеңес Одағының ұшақтары еді. Оның біреуінде қазақ жігіті Біләл Қалиев бар болатын.

Берлинді тұңғыш рет бомбалаған ұшқыштардың бәріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Өне, біздің қазақтан кімдер шықпаған дейсіз!



Әнуарбек  
ИСЛАМХАНҰЛЫ.

## ● «АҚШАМ» АРДАГЕРІ СӨЗ АЛАДЫ



# Almaty Akshamy

## ӘР ОҚЫРМАН ГАЗЕТТІ СҮЙІП ОҚИТЫН

1991 жылы қаңтардың басында «Алматы ақшамына» жауапты хатшының орынбасары болып жұмысқа кірістім. Редактор Ислам Бейсебаев мені жылы қабылдады. Жауапты хатшы Қанат Қайымов күнделікті шығатын басылымның жұмыс тәртібімен таныстырды. Бір бөлмеде суретші-бездіруші Сейсенхан Махамбетов, жауапты хатшының орынбасары Жүніс Омаров, фототілші Жүсіп Ерғалиев және мен бесеуіміз отыратынбыз. Аппасына бес рет шығатын газет кешкі беске дейін «Дәуір» баспасынан шығып, қала дүңгіршектеріне таралушы еді. Біздің газет «Вечерняя Алматы» сияқты қаланың ең сүйікті газеті болып, шыққан күні оқырман қолына тиетін.

Ол жылдары басылым 42–39 мың данамен Алматыдан басқа, республиканың барлық облыстарына тарайтын еді. Қаланың тыныс-тіршілігі, мәдени жаңалықтары, зиялы қауымының материалдары жиі басылатын. Редакцияда қаламы қарымды журналистер де аз емес болатын. Әсіресе, өнер-мәдениет саласындағы кездесулер, түрлі іс-шаралар күн тәртібінен түспейтін. Қаламы жүйрік Қайрат Әлімбеков, Кәдірбек Құныпияев, Болат Жетекбаев, Раушан Имашева, өндіріс саласында Марат Тұрапов, Зейнолла Абжанов және де басқа журналистер қызмет істеді. Сондай-ақ, ұжымдағы ең үлкеніміз Бақытжан Жиенғалиев ағамыз жастарға қамқор бола білді. Ол кісі редактордың бірінші орынбасары болатын.

Газет күнделікті шыққан соң, қаланың зиялы қауымының үлкен мінбері болып, проблемалық, танымдық материалдар аз жазылмайтын. Ғылымның әр саласының мамандары, өндірістің басшылары, қарапайым еңбек адамдары да ой-пікірлерін білдіріп жататын. Редакция қоржыны қашанда тоқ. Бөлімдер редакцияға келген хаттармен жұмыс істеп, ол газет бетінен көрініс табатын. Яғни редакцияға келген хат жауапсыз қалмаушы еді. Оқырман газеттен өзіне керектісін табатын. Сондықтан әр оқырман газетті сүйіп оқитын.

Сол жылдары менімен бірге қызмет істеген әріптестерімді мен қазір мақтан тұтамын. Олар «Ақшамда» үлкен тәжірибе мектебінен өтіп, өздерінен кейінгілерді де тәрбиелей білді. Еліміз өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, олардың әрқайсысы республикалық ірі басылымда қызмет жасады. Қазір де қызмет етіп жүр. Олар газеттің тәй-тәй басқан қадамын нық басуға өз үлестерін қосты. Олар қазіргі күнде «Ақшамның» ардагерлері. Сол жылдар маған қымбат. Өйткені, «Ақшам» менің журналистикада қалыптасуыма нық қадам жасаған мектебім болды.

Жексен АЛПАРТЕГІ.



БӘРЕКЕЛДІ!

# ҚАЗАҚ БАТЫРЫНА ҚҰРМЕТ

Алматылықтар еркін күрестен тұңғыш әлем чемпионы Ризабек Айтмұханды салтанатпен қарсы алды

Қоржынында алтыны бар, еркін күрестен тұңғыш әлем чемпионы елге оралды. Бейсенбінің таңында Алматы әуежайында отандастары Ризабек Айтмұханды салтанатпен күтіп алды. Әуежайдың күту залы еркін күрестен Қазақстан тарихындағы тұңғыш әлем чемпионын әрі ел тарихында аты қалатын ең жас балуанды қарсы алуға келген қауымға лық толды. Олар жүлделі жүйріктерді шара толы ақ дәммен, құшақ толы гүл шоқтарымен қарсы алды.



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

А А Естай БОЖАН

Сербия астанасында ала кілемде қарсыластарын жауырыныммен қаққан жүлдегерлер Ризабек Айтмұхан мен Азамат Дәулетбековтің жанкүйер отандастары иығына шапан жауып, ел ықыласын білдірді. Күтіп алу кезінде салтанатты марш екпіні, ақ нөсердей сіркіреген ду қол шапалақ үні әуежайды кернеп тұрды.

БАҚ өкілдеріне берген жауабында балуан былай деп тебіренді: «Мынадай қо-

шеметпен қарсы алып жатқан еліме алғыс айтамын. Өте күшті, қуанышты сезімде тұрмын... Сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бұл менің арманым еді. Отандастарыма осындай сәтті сыйлағанымға қуаныштымын».

Жарыс жайындағы сөзінде Ризабек: «Қарсыластар осал болған жоқ, әрине. Дегенмен, шешуші кезде барымды салдым. Соңына қарай қарсыластың шаршағанын байқадым. Сол сәтті ұтымды пайдаландым деп ойлаймын», – деп ағынан жарылды.

Белградтағы белдесуде қола жүлдеге ие болып, Париж олимпиадасының жолдама-сын ұтып келген отандасымыз Азамат Дәулетбеков те қошемет көрсеткен жұртқа ризашылығын жеткізді. Әрі өзінің саптасы Ризабекке деген шынайы құрметін де білдірді. «Ризабекке ризамын, 19 жасында елімізден шыққан алғашқы әлем чемпионы атанды. Бұл жастарға үлгі, тіпті бізге де мотивация берді», – дейді Азамат.

Республикалық грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының вице-президенті Білалдин Ушуров жиылған жұртты

құттықтады. Білалдин Талғатұлы: «Еркін күрестен тарихымыздағы бірінші чемпионымыз келіп жатыр. Баршаңызды осы қуанышпен құттықтаймын! Келешекте осы баламыздың жолының ашық болуын, келесі жолы Францияда олимпиада чемпионы атанып, баршамызды қуантсын деп тілеймін!», – деді.

Айта кетейік, Сербияның орталық қаласы Белградта өткен Әлем чемпионатында Ризабек 92 кг салмақта әлем біріншілігін жеңіп алды. Бұл ел тарихында еркін күрестен алған алғашқы чемпиондық атақ.

ЖАРНАМА

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Alatau Aqparat» ЖШС-нің «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінде, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желідегі аккаунттарында 2023 жылғы 29 қазандағы Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша үміткерлерге баспа алаңын берудің жалпы шарттары.

«Alatau Aqparat» ЖШС – «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттерінің, Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарының иесі (бұдан әрі – Газет), «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының мәслихат депутаттарының босаған орындарына сайлау туралы 101-бабы, 3-1 бөліміне сәйкес, 2023 жылғы 29 қазандағы сайлауға қатысатын Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына үміткерлерге (бұдан әрі – Кандидат) сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін газеттің газет алаңын беру ақысының мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабарлайды.

Сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен 2023 жылғы 3 қазанда сағат 18.00-ден басталады және 2023 жылғы 28 қазанда сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт дауыс беру күніне дейінгі басылымның тиражға соңғы шығу күнімен аяқталады, яғни 2023 жылдың 26 қазанына дейін.

Сайлау комиссиясының партиялық тізімді тіркеу туралы шешімінің көшірмесі және кандидаттың немесе оның уәкілетті өкілінің Газет иесі басшысының атына жазбаша өтініші газет алаңын беруге негіз болып табылады.

Газет иесі мен кандидат арасында немесе кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде газет алаңын ұсынады, сондай-ақ, материалдарды сайттарға орналастырады. Кандидаттар немесе олардың уәкілетті өкілдері үгіт материалдарының бекітілген мәтіндерін жариялаудың жоспарланған күнінен кемінде екі күн бұрын ұсынады.

Газетте баспа алаңын ұсыну үгіт мақалалары мен модульдерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс: 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі; 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі; 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі; 4) шарт жасасу үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар. Кандидаттардың үгіт материалдарын газетке орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгіленеді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте үгіт материалының сұрау салынатын орны бұрын жүгінген басқа кандидатқа берілген жағдайда, газет кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орын ұсынады.

Үгіт материалдары газетке шығуы болжанған күнге дейін күнгіз-белік 2 (екі) күн бұрын газеттің d.kuanush@mail.ru электрондық мекенжайына және/немесе USB флэш-дискісінде беріледі.

Үгіт материалдарында олардың төленгені, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда газетте үгіт материалдарын жариялау жүргізілмейді не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Газет иесі үгіт материалдарын, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа итермелеу, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскерилендірілген құрылымдар құру идеялары болса, жариялаудан бас тартады.

Газет иесі Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге қабілетті ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Кандидат газет иесінің талабы бойынша жоғарыда аталған сипаттағы материалдардағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген газет алаңын беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

«Almaty aqshamy» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – қазақ тілі.

Формат – А3.

Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).

Таралымы апта сайын – 18663 дана.

Сейсенбі – 5625 дана.

Бейсенбі – 7413 дана.

Сенбі – 5625 дана.

Таралу аумағы – Қазақстан Республикасы және Алматы қаласы.

Үгіт материалдарын орналастыру құны:

\* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді кара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 850 (сегіз жүз елу) теңге;

\* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 950 (тоғыз жүз елу) теңге;

Газеттің бірінші және соңғы беттерінде үгіт материалдары орналастырылмайды.

«Вечерний Almaty» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – орыс.

Формат – А3.

Жиілік – аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі).

Таралымы апта сайын – 38738 дана.

Сейсенбі – 11104 дана.

Бейсенбі – 16530 дана.

Сенбі – 11104 дана.

Таралу аумағы – Қазақстан Республикасы және Алматы қаласы.

Үгіт материалдарын орналастыру құны:

\* ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді кара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 850 (сегіз жүз елу) теңге;

\* ҚҚС қоса алғанда, түрлі-түсті дизайндағы мақаланы немесе модульді орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 950 (тоғыз жүз елу) теңге;

Бірінші және соңғы беттерде үгіт материалдары орналастырылмайды.

Almaty-akshamy.kz және Vecher.kz сайттарында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда материалдарды орналастыру құны:

1. Сайтта мақаланы орналастыру – 1 бос орын белгісі үшін 50 теңге;

2. Баннер 750x562 басты беттегі сырғытпада – 24 сағат ішінде 15 000 теңге;

3. Басты беттегі 1140x141 баннер (слайдерден төмен) – 24 сағат ішінде 25 000 теңге;

4. Оң жақ бағандағы басты беттегі баннер 1280x1280 пиксель – 24 сағат ішінде 20 000 теңге;

5. Instagram-дағы хабарлама – 30 000 теңге;

6. Telegram-дағы пост – 30 000 теңге;

Бағалар ҚҚС-пен көрсетілген.

Баннерді орналастыру үшін қабылданатын техникалық талаптар

Орналасыруға дайын баннерлер GIF, JPEG, PNG форматында қабылданады;

Баннердің мөлшері 150 Кб-тан аспайды;

Анимациялық GIF баннері секундына 5 кадрдан аспайтын жылдамдықпен ойнатылуы керек;

Баннердегі кескіндер сапалы және түсінікті болуы керек, түсінікті мәтінмен, бұлыңғыр немесе майланған кескіндерді қолдануға болмайды;

Жыпылықтау, жыпылықтайтын фон және басқа тітіркендіргіш әсерлерді қолдануға тыйым салынады.

Әлеуметтік желілерде орналастыруға қойылатын техникалық талаптар

Instagram жазбаларына қойылатын талаптар:

Фотосурет өлшемі – 1350\*1080 px (4:5), есептік жазбаның басты бетінде қараған кезде өлшемі – 1080\*1080. 10 бірлікке дейінгі фото;

Қолтаңбаның максималды ұзындығы – бос орындары бар 2200 таңба;

Бейне (Reels): Reels-те бейнені 1 минутқа дейін жүктеуге болады, ұсынылған ажыратымдылық – 1080 × 1920 px (9:16), MP4/MOV форматы. Маңызды – таспадағы релyster кесілген түрде көрсетіледі: 1920 пиксель 1350 пиксельге дейін кесіледі, ал жалпы шот арнасы 1080\*1080 құрайды.

Telegram арнасы мен Facebook-тегі жазбаларға қойылатын талаптар:

Сурет форматы – JPEG, PNG;

2 суретке дейін рұқсат етіледі;

Бос орындары бар 1024 таңбаға дейін;

Сурет ені – 1280px кем емес;

Бейне форматы – MP4, MOV, GIF,

өлшемі 20 Мб дейін;

Сипаттамаға хэштегті, сыртқы сілтемені қосуға немесе Telegram арнасының ішіндегі кез келген арнаны, чатты немесе пайдаланушыны атап өтуге болады.

Үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған шарт бойынша төлем шот берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде газет меншік иесі қойған төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Жазбаша өтініштерді газет иесі 2023 жылғы 4 қазан, сағат 9.00-ден 2023 жылғы 25 қазан, сағат 13.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масанчи көшесінің бұрышы), №21 каб. мекенжайы бойынша қабылдайды.

Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«Alatau Aqparat» ЖШС.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы  
АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі №50 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2023 жылғы 19 қыркүйекте №186198 болып тіркелді.

## ШЕШІМ

2023 жылғы 15 қыркүйек №50

Алматы қаласындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін  
бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №33110 болып тіркелген) сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері туристерді орналастыру орындарында болған әрбір тәулік үшін айлық есептік көрсеткіштің 0,5 мөлшерінде бекітілсін.

2. «Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қаңтардағы №212 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1708 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы  
мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен **8 707 157 36 64 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды.

**Орталықтың мекенжайы:** Алматы қаласы, Жүргенов көшесі, 9/11, 4-қабат, 13-кеңсе.

АЗАМАТТАР МЕН ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕ  
ПРОКУРАТУРАҒА ЖҮГІНУ МЕХАНИЗМІ, СОНДАЙ-АҚ СОТҚА ШАҒЫМДАНУ  
ТӨРТІБІ

Прокуратура органдарының жеке және заңды тұлғаларымен өзара іс-қимылының маңызды құралдарының бірі – өтініштер. Бұл жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғаудың маңызды институттарының бірі болып табылады. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қараудың рәсімдері 2020 жылғы 29 маусымдағы №350-VI ҚРЗ санды Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексында (бұдан әрі – Кодекс) нақты көрсетілген.

Кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолдармен, міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады.

Өтініштер мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерге, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаға берілген жағдайда арыз ісінше күні мен уақыты, өтінішті қабылдаған адамның аты-жөні мен тегі, лауазымы көрсетілген бірегей нөмірі бар талон беріледі.

Өтініш келіп түскен күні тіркеледі. Егер өтініш жұмыс істемейтін күні келіп түскен болса, онда ол жақын уақыттағы жұмыс күнімен тіркеледі.

Жалпыға қолжетімді ақпараттық жүйелер бойынша келіп түскен және Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін өтініштер Кодексте белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.

Өтініш Кодекстің 63-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, әкімшілік орган, лауазымды адам арыз ісінше жүгіну қандай талаптарға сай келмейтінін көрсетеді және оны талаптарға сәйкес келтіру үшін ақыға қонымды мерзімді белгілейді.

Егер арыз ісесі өтінішті әкімшілік орган, лауазымды адам белгілеген мерзімде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келтірмесе, әкімшілік орган, лауазымды адам оны қайтарады.

Өтінішті қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді.

Арыз ісесі әкімшілік іс бойынша шешім қабылданғанға дейін өтінішті өзінің жазбаша арзығы негізінде кері қайтарып ала алады. Арыз ісіншің өтінішті кері қайтарып алуы мерзімдер сақталған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, оны қайта өтініш беру құқығынан айырайды.

Кодекстің 91-бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік актіні қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы.

## ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНДА ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ ТӨРТІБІ

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті.

Қабылдау белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс.

Егер өтінішті лауазымды адам қабылдау кезінде шеше алмаса, ол жазбаша нысанда баяндалады және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) Бөгенбай батыр көшесі, 145 мекенжайы бойынша орналасқанын хабарлаймыз.

Комитеттің Алматы қаласы бойынша департамент басшылары, жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі (тел.: **8 (727) 272-86-34**).

| Басшылар                                                 | Лауазым                                                                                            | Апта күні     | Қабылдау уақыты |
|----------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|-----------------|
| Арап Абай Сейдірұлы                                      | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің бастығы                                           | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Ержанов Мұратбек Есімұлы                                 | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департамент бастығының орынбасары                                 | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Баймолдаев Мейірбек Ергалиұлы                            | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департамент бастығының орынбасары                                 | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Жандыбай Ильяс Серікбекұлы                               | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім бастығы                                     | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| Усенбаев Бахыт Нурланович                                | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің бөлім бастығы                                     | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |
| <b>Жауапты қызметкер</b><br>Мамырбекова Айжан Алибекқызы | Комитеттің Алматы қаласы бойынша департаментінің ұйымдастыру – кадр жұмысы жөніндегі аға прокуроры | дүйсенбі-жұма | 09.00 – 18.30   |

түскі ас уақыты 13.00 – 14.30

ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ОРНАЛАСҚАН ТЕРМИНАЛДАР  
АРҚЫЛЫ СОТТАЛҒАНДАРҒА ӨТІНІШТЕР БЕРУ МЕХАНИЗМІ

Пенитенциарлық мекемелерінде сотталғандардың өтініштерін қабылдау регламенті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы №819 бұйрығымен айқындалады.

Сотталған адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес өтініш жолдағысы келсе, ол мұны тек өз атынан жасай алады.

Егер өтініш сотқа, прокуратура органдарына және басқа да мемлекеттік органдарға жолданса, онда оны сотталғандар электрондық өтініш беру терминалы арқылы электрондық құжат түрінде жібере алады.

Сотталғандар үшін терминалды пайдалану мүмкіндігі күн сайын, белгіленген кесте мен күн тәртібіне сәйкес жасақтар бойынша беріледі.

Өтінішке келіп түскен жауап сотталғанға қолхатпен үш жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі және оның жеке ісіне қоса тіркеледі.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы  
қаласы бойынша департаменті.

«ALMATY AQSHAMY»  
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне  
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін  
оқырмандарымызбен және тұрақты  
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді [almaty-akshamy.kz](http://almaty-akshamy.kz) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ  
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

|                                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>65503 (жеке жазылушылар үшін)</b><br>1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 4 айға – 2402 теңге                             |
| <b>15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)</b><br>1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 4 айға – 6482 теңге                    |
| <b>95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)</b><br>1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 4 айға – 1762 теңге |
| <b>Анықтама үшін телефондар:<br/>8 (727) 293-08-12, 293-08-25.</b>                                                                     |

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ  
ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін [post.kz](http://post.kz) сайтынан немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, **онлайн** ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Рәсімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша [Post.kz](http://Post.kz) қызметі арқылы жүзеге асырылады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

*\* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін  
десеңіз;  
\* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;  
\* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне  
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:  
**8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

*\*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;  
\* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!*

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:  
**8 (727) 293-08-12, 293-08-25.**  
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері  
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Бас директор –  
**Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**  
**Қабылдау бөлмесі:**  
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –  
**Абдухалил ЖАЛИЛОВ**  
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық  
жөніндегі орынбасары –  
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**  
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –  
**Төрехан ДАНИЯР**  
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –  
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**  
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –  
**Серік ЖҰМАБАЕВ**  
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат  
бөлімінің редакторы –  
**Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің  
редакторы –  
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық бөлімінің  
редакторы –  
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**  
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –  
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**  
тел: 293-08-12.  
e-mail: [d\\_kuanysh@mail.ru](mailto:d_kuanysh@mail.ru)

Жарнама және  
тарату бөлімінің менеджері –  
**Әсел ТАШИБАЕВА**  
e-mail: [dalemesh@vecher.kz](mailto:dalemesh@vecher.kz)  
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму  
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –  
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:  
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**  
**Саымбай ҚОЗЫБАЕВ,**  
**Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша  
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ  
Алматы почтамына:  
+7 707 932 39 18 телефондары  
арқылы хабарласыңыз

**Almaty**  
**AQSHAMY**

Республикаға тарайтын қоғамдық-  
саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**  
**«Alatay Aqparat» ЖШС.**  
[alatayaqparat@mail.ru](mailto:alatayaqparat@mail.ru)  
Мекенжайымыз:  
Индекс: 050022.  
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
**Апталық таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –**  
**Естай БОЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің  
электронды нұсқасы  
«AIR ASTANA»  
әуе компаниясы бортындағы  
жолаушыларға қолжетімді.



ОМІРДІҢ ӨЗІ

## КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС ӘЛЕМІ

Бір күн, бірнеше көрініс

Қазіргі балалар бақытты.  
Не керектінің бәрі бар. Қайда барамыз демейді,  
Алматыда ойын-сауық орталығы жетіп-артылады.  
Есіктері қысы-жазы ашық. Демалыста балаларды қолдан  
жасалған «Майами» теңізіне апардық. Өзіңізге аса қызық  
бола қоймаса да, балалар қуанса болғаны. Ішінде  
талай кейіпкер жүр.



## ҚЫЗДАР

Бір қараторы жігіт екі қызын суға түсіріп жүр екен. Екеуі де қуыршақтай, сүп-сүйкімді. Біреуі 4-те, екіншісі 2-де болар шамасы. Әкесі екеуін жетектеп апарып келіп жүр. «Шаршадым» деді ме екен, кішісін жұмсақ орамалға тұмшалай орап, жайлы орындықтың арқалығына сүйеп, көзін жылтыратып отырғызып қойды. Үлкені сіндісінің бетінен еркелете сүйді де, әкесімен суды бетке алды. Жарасымды. Аналары сендер қыдырып келіндер, мен үйдегі тірлігімді бітіріп алайын деді. Әйтпесе, емізулі баласы бар. Жүйрік ойым солай деді. Қыздарын аялай құрметтеп жүрген жігітке риза боп отырдым. Қыз – жат жұрттық. Ерген жанында дәл осылай жүрмейді. Сондықтан қыз баласы қандай құрметке де лайықты!

## ТОМПАҚ

«Хаммаға» кірдік. Іші бу, ешкімді анық көрмейсіз. Бірақ бір бауырсақ балақайды көріп отырмын. Резеңке көздірігін шекесіне емес, маңдайына қондырып қойыпты. Басында резеңке қалпағы. Бәрі доп-домалақ балаға жарасып тұр. Бала біткеннің ағып тұрған немесе ыдыстағы суға құмар келетіні бар ғой. «Хамманың» кіреберісінде тастан жасалған ыдыс бар, оған шүмектен су толтырып қоясың, ішінде темір шағын тостағы бар. Өлгі тостақпен су алып, отыратын орнында бір шайып аласың.

Жаңағы томпақ бала сол шүмектің жанына жайғасқан, темір тостақты бұғының арасына қойып алып, ішіндегі суын шашып ойнап отыр. Одан алып төңкеріп басынан асырып құяды кеп. Бүкіл аквапарктегі ішіндегі ең су жетпей жатқандай.

«Хаммаға» бір айналып тағы келдім. Ол жер негізі үлкендерге жақсы, балалар бұды ұната бермейді. Өлгі томпақ тағы кіріп келе жатыр. Құтты орнына жайғасып алып, шүмекті сарылдатып қойды да, шолпылдата бастады. Арғы жағында отырған бір ер адам: «Ей, сумен ойнама, ағыза берме!» деп жекіп тастады. Бала тыншып қалды бір мезет. Сосын әлгі аға жаққа мойнын жоғары, төмен, оңнан, солдан созып қарай бастады. Алғашында бұл әрекетін түсінбей қалғам, сөйтсем, әлгі қатқылдау сөйлеген ағаның көзі ашық па, жұмулы ма, ашулы ма, басылды ма, қалай екен деп бағамдаған түрі екен ғой. Бұдан көре алмай жатса қайтеді енді. Күлдім.

Бір кезде «е, қойшы» деді ме, темір тостақпен су толтырып алды да, төбесінен асыра үстіне құйып жіберіп, әлгі тостақты өзінің басына кигізіп қойды. Өз кайфы өзінде! Міне, бала болғасын сондай болуы керек. Осындай еркін балалар табысты болады болашақта деді бір ойым.

## АНА

Хиджаб киген әйел үш баласын (1, 3, 5 жасар шамасында) шүпірлетіп, бұрқылдап жатқан, массаж жасайтын суға алып келді. Балалары сүп-сүйкімді, мойындарына бір-бір баллон кигізіп қойыпты. Үшеуі де мәз. Астыдан сыртқа бұрқылдап шығып жатқан суға қолдарын төсеп, шықылықтап күліп қояды ең кішісі. Баласының қуаңғанын көрген шешесі де мәз.

– Түу, тәте, келгеніме қуанып тұрмын. Осынша ақша күнделікті чипсы, тәтті шырынға да шығып кетеді ғой. Демалуды білмейді екенбіз. Балаларым мәз! – деді риясыз қуаңған ана. Басымда орамал, айналам толған жартылай жалаңаш адам демей, балалардың қызығы үшін деп келген әйелге риза болдым.

Айнала суға секіріп, сальто жасап жатқан балалар, байқамасаң аяғы тиіп кетуі мүмкін. Үш баласын, бейне үш қолы бардай, жанынан жібермей, мойындарындағы резеңке баллондарынан ұстап алып, жанында жүздіртіп жүр әлгі келіншек. Ана деген қандай!

## СЕЛФИ

Бір сағат сайын толқын жіберетін жасанды теңізге келдік. Балаларым суға қойып кетті. Мен отырмын жағада. Әдемі бір бойжеткен селфи жасап жүр екен. Аяқ жағы ғана су, басқа жері құрғақ. Бір кезде бір кішкентай қыз бала «Диас жылап жатыр» деп жүгіріп келді. Өлгі бойжеткен аспай-саспай, телефонына олай бір, бұлай бір төңкеріле қарап, арасында ернін дүрдітіп қойып, селфилетіп бара жатты судың ортасында.

Бір кезде иегі иегіне тимей дірілдеп тұрған, тонған, жылап келе жатқан арық қара баланы (інісі болар) үстіндегі сүлгісінің шетінен шымши ұстап бері сүйреп келеді екен әлгі қыз. Өзі сол күйі әлі селфилетіп жүр бірақ. Су жиегіне шыққан баланы «анда отыр» деп бұйырды да, өзі қайтадан жағадағы суды аяғының ұшымен аялай сипап, өзін бейне су үстінде қалқып жүргендей сезініп мүмкін, одан камерасын жоғары көтеріп, шашын сүйріктей саусақтарымен салалап қойып, сосын ернін дүрдітті. Жақсы бір кадрлар шыққан шығар, ә «Инстаға». Ерсі ештеңе жоқ, әрине. Жастарға бәрі жарасымды. Жастарға сұлулық тән ғой.

Бірақ әлгі арық қара бала дәу орамалдың ішінде иығы қушып әлі жылап отыр екен, бір жерін соғып алған-ау, шамасы. Әпкесі кейін өзі балалы болғанда түсінер.

## СӘЛЕМ

Сыртқа шықтық. Есік алды ығы-жығы халық. «Апорт» алдындағы апорт-мүсіннің айналасынан атқылап жатқан субұрқаққа түсіп жүрген балалар да өз алдына мәз. Біздікілер балмұздағын жеп алсын деп, скамейкаға тізе бүктік.



Жеңіл көліктен жас ерлі-зайыпты түсті. Бір-біріне тонтеріс екені көрініп тұр. Екеуін үлкендеу әйел күтіп алды. Келіншектің қолындағы баласын алып жатқан әйел:

– Немене, ұрсысып шыққансыңдар ма үйден? – деді. Келіншектің не айтқанын естімедім, тек әйелге иіліп сәлем салып жатқанын байқадым. Әдемі! Төгілген шашы иығын жапқан. Әдемі ай сырғасы енді батып бара жатқан күн көзімен бір жалт етті. Боянған, бірақ көзге ұрып тұрған артық ештеңесі жоқ, етек-жеңі молынан пішілген гүлді көйлегі де келіншекті көркем етіп тұр. Оранбай-ақ, тұмшаланбай-ақ, киә, ұлыңмен

ұрсысып қалдым» демей-ақ, қаланың қақ ортасында да иіліп сәлемінді салып иманды, заманауи келін, әйел болуға болады екен!



Демалысыңыз сәтті өтсін, құрметті оқырман!

Нұржамал  
ӘЛІШЕВА,  
журналист.



## КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Айтпаса да түсінікті...



Карикатураны салған Ғалым СМАҒУЛҰЛЫ.